Мың жасаған шаһардың шамшырағы

ALMATY AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №111 (6789) 27 қараша, жұма, 2026 жыл | www.aqshamnews.kz

12+

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 35 ЖЫЛ

29 қараша
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

@AQSHAMY_KZ

@AQSHAM_NEWS



ТИЯНАҚТЫ ДАЙЫНДЫҚ

Алматыда жауын-шашынға әзірлік күшейтілді

Осы аптада күз қабағы күреңітіп, әне-міне келіп қалған қыс жайынан да хабар бергендей болды. Апта басында сөткелеп жауған күздің сілбі жауыны қаланы әбігерге салғаны бар. Ауа райының қас-қабағын баққан Қазгидромет жұманы да жауынды болады деп болжап отыр. Дегенмен, қаланың коммуналдық және шұғыл қызметі ауа райының өзгерісіне әзір екенін жеткізді.

«Қазгидромет» 27 қарашада сағат 02.00-ден 19.00-ге дейін қалада 13–16 мм мөлшерінде жауын-шашын болатынын болжаған. Бұған қоса, секундына 13 метрге дейін жететін жел екпіні де бар. Ауа температурасы түнде +3 пен +5 °С арасында, ал күндіз +5 пен +7 °С шамасында болады.

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасының өкілдері мәлімдеме жасап, арнайы техника мен жедел бригадалардың жоғары дайындықта екенін айтты.

Кейбір аумақтарды су басудың алдын алу және оның салдарын жою үшін 85 жедел бригада кезекшілікке қойылды. Олардың құрамында 1579 жол қызметкерлері бар. Сондай-ақ, 415 бірлік техника, 97 мотопомпа және 5 мыңға жуық құм салынған қап дайындалды.

Су жиналуы мүмкін жерлерге су сорғыш машиналар орналастырылып жатыр. Бұдан бөлек, техника тұрақтарында 200 құрама жол машинасы әзір тұр. Оның ішінде 185 құм шашатын және 15 JetBroom машинасы бар.

Коммуналдық қызметтен тәулігіне 3250 жол саласы жұмысшысы мен 1225 бірлік арнайы техника жұмысқа шығады. Жолдың жай-күйін бақылау және тазалау жұмыстарын үйлестіру үшін тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылды.

Синоптиктердің болжамынша, 28 қарашаға қараған түні де жауын-шашын жалғасады. Күндіз ауа температурасы +6...+8 °С шамасында болады.

Осындай қолайсыз ауа райына байланысты қала тұрғындарына жол және жеке қауіпсіздігіне көңіл бөлуді айрықша ескертеміз. Алматылықтар мен қала қонақтары сапарларын жоспарлау кезінде ауа райын ескеруі де өте маңызды.

Тиісті басқармалар көлік жүргізген де және жаяу жүру кезінде оқыс оқиғалардан барынша сақтанып, жол жүру ережесі мен әлеуметтік тәртіпке бағынуды сұрайды. Әсіресе, көлік тізгініндегі азаматтарды жылдамдықты асырмай, тайғақ жолда жол апатынан аулақ болуға үндейді.


«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

9 772223 237006

САРАП-ТІМЕ

ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ БАСҚАРУ ЛОГИКАСЫ

Мемлекеттік шешімдерді әзірлеу және бақылау жүйесі жаңаруда



Жақында ғана Қазақстан Республикасы Президенті жанынан екі жаңа орган құрылды. Бірі – елдің ұзақмерзімді даму бағыттарын сараптайды, екіншісі – «Халықтық құрылыс» бағдарламасына бөлінетін қаражатты бақылайды. Бұл саяси шешімдер конституциялық реформадан кейін мемлекеттік басқаруды жаңа институттарға бейімдеу үдерісін көрсетеді. «Әділетті Қазақстан» құру сынды түбірлі саяси бағытты жүзеге асыруда мұндай маңызды құрылымдардың мәні мен рөлін жалпы оқырманға ішкерілей түсіндіре кетуді жөн деп білеміз.

Жолдау жүктеген міндет

Стратегиялық даму жөніндегі сараптама тобы мен мемлекеттік комиссияның міндеті бөлек болғанымен бір басқару тізбегін қалыптастырады. Сараптама тобы алдағы бағыттарды анықтауға қатысса, мемлекеттік комиссия қабылданған шешімдердің орындалуын және қаражаттың тиімді жұмсалуын қадағалайды. Яғни бір орган болашаққа арналған ұсыныс әзірлесе, екіншісі нақты жобалардың нәтижесіне жауап береді. Осыған қарай отырып, бұл тетіктің биылғы Президент Жолдауының мазмұнымен тікелей байланысты екенін көреміз.

Президент халыққа Жолдауында Қазақстан стратегиялық тұрғыдан бір қадам алда жүруге тиіс екенін айтты. Сонымен қатар, «Халықтық құрылыс» бағдарламасын ел тарихындағы ең ірі инфрақұрылымдық жоба ретінде атады. Бағдарлама жол, әуежай, вокзал, мектеп, аурухана, мәдениет және спорт нысандарын салуды көздейді. Мұндай ауқымды жұмыс ұзақмерзімді жоспарлауды ғана емес, тұрақты қаржылық бақылауды да қажет етеді.

Сондықтан жаңа шешімдерді Жолдауда жарияланған міндеттердің институционалдық жалғасы деп бағалауға болады. Бұған дейін саяси басымдық пен бағдарламаның жалпы бағыты белгіленді. Енді сол міндеттерді орындайтын және бақылайтын құрылымдар жасақталып отыр. Бұл – реформаның ұрандық кезеңнен басқару тетіктерін қалыптастыру кезеңіне өткенін көрсететін белгі.

Осы өзгерістердің екінші негізі – жаңа Конституция. Онда Құрылтай мен Қазақстан Халық Кеңесі мемлекеттік жүйенің дербес институттары ретінде бекітілді. Халық Кеңесіне қоғамдық талқылау қорытындыларын Құрылтайға жолдау және референдум өткізу туралы бастама көтеру құқығы берілді. Ал халықтың әл-ауқатын арттыру мемлекеттің стратегиялық басымдығы ретінде айқындалды. Демек, сараптама тобы мен мемлекеттік комиссия құрамына Құрылтай депутаттары мен Қазақстан Халық Кеңесі мүшелерінің енуі осы институттарды күнделікті басқару жұмысына тартудың алғашқы үлгілерінің бірі саналады.

Қос құрылымның құрамы

Стратегиялық даму жөніндегі сараптама тобы 32 адамнан тұрады. Оны Вице-президент Ерлан Қарин басқарады. Оның орынбасарлары – Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының орынбасары Аида Балаева және Президент кеңесшісі, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Әсет Ерғалиев. Жұмыс органының міндеті Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтына жүктелген. Мұндай құрылым саяси басқару, қауіпсіздік және экономикалық жоспарлау бағыттарын бір алаңда тоғыстырады.

Топ құрамына Құрылтай басшылығы мен бес депутат, Ғылым және жоғары білім министрі, Қазақстан Халық Кеңесінің алты мүшесі енген. Бұдан бөлек, экономикалық және әлеуметтік зерттеу орталықтарының басшылары, саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, қаржы, өндіріс, жоғары білім, демография, жасанды интеллект және форсайт саласының мамандары бар. АХҚО, QazIndustry, Экономикалық зерттеулер институты, қоғамдық саясат орталықтары мен жеке бизнес өкілдерінің қатысуы талқылауды тек мемлекеттік аппарат шеңберінде қалдырмауға бағытталған.

Бұл құрамнан үш басымдық байқалады: цифрландыру, жасанды интеллект және өндіріс мамандары қамтыған технологиялық жаңарту; әлеуметтік өзгерістерді алдын ала бағалау және мемлекеттің шешімдерін бизнес пен инвестициялық ортаның мүмкіндіктерімен үйлестіру. Демек, органның негізгі міндеті дайын шешімдерді қолдау емес, әртүрлі даму сценарийлерін алдын ала талқылау болмақ. Оның кемінде айына бір рет жиналуы да жұмыстың тұрақты сипат алатынын аңғартады.

Мемлекеттік комиссияның құрамы бұдан өзгеше қағидамен жасақталған. Оны Жоғары аудиторлық палатаның төрағасы басқарады. Комиссияға Үкімет, Қауіпсіздік Кеңесі, Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қаржылық мониторинг агенттігі, Ұлттық банк және Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің өкілдері кіреді. Мәслихат төрағаларының қатысуы орталықтағы бақылауды өңірлік деңгеймен байланыстырады. Осылайша комиссияда қаржылық аудит, құқықтық қадағалау және жергілікті бақылау қатар қамтылған.

Комиссияның қоғамдық бөлігі де ауқымды. Оның құрамында Құрылтайдың 13 депутаты және Қазақстан Халық Кеңесінің 13 мүшесі бар. Депутаттар қаржы, бюджет, инфрақұрылым, аграрлық саясат, қауіпсіздік, цифрландыру және әлеуметтік даму комитеттерінен іріктелген. Бұл таңдау бағдарламаның бір ғана құрылыс саласына қатысты емес екенін көрсетеді. Оның жобалары бюджетке, өңірлерге, әлеуметтік саясатқа және экономикалық өсімге бірдей әсер етеді.

Комиссия бағдарламаның барлық кезеңін бақылайды. Оған жоспарлау, қаражат бөлу, мемлекеттік сатып алу және нысанды пайдалануға беру кіреді. Тоқсандық және жылдық есеп тікелей Президентке ұсынылады. Саяси тұрғыдан бұл ірі инфрақұрылымдық жобаларға орталықтандырылған бақылаудың күшейгенін білдіреді. Сонымен бірге, Құрылтай депутаттары, Халық Кеңесі мүшелері мен қоғам өкілдерінің қатысуы бақылауға кеңірек өкілдік сипат береді.

Осылайша екі органның құрылуы жаңа саяси кезеңнің басқару логикасын аңғартады. Конституциялық реформа жаңа институттарды қалыптастырды. Жолдау экономикалық және инфрақұрылымдық міндеттерді белгіледі. Ендігі мақсат сол институттарды нақты шешім қабылдау мен бақылау үдерісіне қосу. Бір орган мемлекеттің ұзақмерзімді бағытын талқылайды. Екіншісі сол бағытқа жұмсалған қаржының нәтижесін тексереді. Олардың шынайы тиімділігі қабылданған ұсыныстар мен аяқталған нысандардың сапасынан көрінбек.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.
(Сурет: ЖИ).

ЭКОНОМИКА

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК

Алматыда Қазақстан мен Өзбекстан кәсіпкерлері бас қосты

Қалада «Қазақстан – Өзбекстан: өнеркәсіптік кооперация, сауда және жаңа инвестициялық мүмкіндіктер» тақырыбында бизнес-форумы өтті. Жиынға екі елдің мемлекеттік органдарының өкілдері, кәсіпкерлері мен іскерлік қауымдастық мүшелері қатысып, сауда-экономикалық байланысты нығайту, бірлескен өндіріс орындарын ашу және инвестиция тарту мәселелерін талқылады.



Форум Өзбекстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы мен Қазақстандағы Өзбекстан елшілігінің ұйымдастыруымен, Алматы қаласы әкімдігі және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қолдауымен өтті. Іс-шара барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықтың басым бағыттарын таныстырып, инвестициялық және өндірістік әлеуетті талқылады. Сонымен қатар, G2B және B2B форматтарында іскерлік кездесулер ұйымдастырылды. Делегация өкілдері девелопмент және туризм, мал шаруашылығы, HoReCa, сауда және өнеркәсіп бағыттары бойынша тақырыптық кездесулерге қатысып, кәсіпорындарды аралады.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы қарым-қатынастың стратегиялық әріптестік және одақтастық деңгейде дамып келе жатқанын атап өтті.

– Алматы Қазақстанның ірі іскерлік, қаржылық және логистикалық орталығы ретінде екіжақты сауда-экономикалық байланысты дамытуда маңызды рөл атқарады. Алдағы уақытта да бірлескен өндірістік және сауда нысандарын іске қосуға, өңдеу өнеркәсібі мен инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қолдау көрсетуге дайынбыз, – деді Б. Шаханов.

Өзбекстанның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Бахтиёр Ибрагимов екі мемлекет арасындағы достық байланыстың негізінде мемлекет басшыларының өзара сыйластығы жатқанын жеткізді. Ол биылғы жылдың қорытындысы бойынша екі ел арасындағы тауар айналымы 5,5 млрд. АҚШ долларына жетеді деп күтіліп отырғанын, ал бұл көрсеткіш 6 млрд. долларға дейін өсуі мүмкін екенін айтты. Сонымен қатар, мемлекет басшылары қойған 10 млрд. долларлық межеге жету үшін кәсіпкерлер арасындағы байланысты одан әрі жандандыру қажеттігін атап өтті.

– Қазір екі ел арасында жалпы құны шамамен, 8 млрд. АҚШ доллары болатын 35 инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Бұл – стратегиялық маңызы бар бастамалар. Кәсіпкерлердің белсенділігі осындай міндеттердің орындалуына тікелей ықпал етеді, – деді Б.Ибрагимов.

Елші екі ел арасындағы көлік-логистикалық байланыстың да маңызын атап өтті. Оның айтуынша, форум қарсаңында бақылау-өткізу пункті ашылып, бұл қадам туризм ағынын арттыруға және шекара маңындағы қатынасты дамытуға жаңа мүмкіндік берген.

Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының өңірлік директоры Шыңғысхан Маманов форумға Өзбекстаннан 100-ден астам компанияның өкілі келгенін хабарлады. Оның айтуынша, бұл жолғы жиын Алматы қаласымен ғана шектелмей, оңтүстік өңірлерді де қамтыған. Бұған дейін делегация мүшелері Шымкентке барып, жергілікті кәсіпкерлермен кездескен.

– Қонақтарға бес бағыт бойынша арнайы бағдарлама әзірледік. Оның аясында Алматыдағы жаңа нысандар мен сауда, өндірістік жобалар таныстырылды. Қалада кәсіпкерлікті дамытуға, мәдениет саласын өркендетуге және жаңа нысандар салуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Біз өзара тиімді әріптестік орнатуға және бірлескен бастамаларды талқылауға әрдайым дайынбыз, – деді Ш.Маманов.

Жалпы, форум екі ел кәсіпкерлері арасында тікелей байланыс орнатуға, сауда айналымын арттыруға және жаңа инвестициялық жобаларды талқылауға мүмкіндік берді. Әсіресе, өнеркәсіптік кооперация мен өңдеу саласындағы әріптестікті кеңейту бастамалары Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы экономикалық байланысты жаңа деңгейге көтеруге бағытталды.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: Қ.ҚОНЫСБАЕВ.





ФОРУМ

SHARE KAZAKHSTAN

Алматыны дамытудың жаңа жобалары ұсынылды

Қаланың болашағы жүйелі әрі ұзақ мерзімді жоспарға байланысты. Мұндай жоспар ретсіз құрылыстың алдын алып, сәулеттік үйлесімділік пен қаланың өзіндік келбетін сақтауға мүмкіндік береді. Алматы бұл бағытта маңызды қадам жасады. Жақында қаланың 2040 жылға дейінгі Бас жоспары бекітілді. Құжат екі күнге созылған сәулетшілер форумында назарға алынып, сала мамандарының талқысына түсті. Енді бұл жоспар мегаполистің даму бағытын айқындап қана қоймай, жаңа сәулеттік жобаларды жүзеге асыруға негіз болатын стратегиялық құжатқа айналмақ.

Алматыда сәулет және қаланы дамыту жөніндегі SHARE Kazakhstan 2026 халықаралық форумы екінші рет өтті. Іс-шараға Ұлыбритания, Германия, Дания, Испания, Словения, Түркия, Қытай, Оңтүстік Корея және өзге де елдердің Zaha Hadid Architects, Foster + Partners, Bjarke Ingels Group (BIG), Kohn Pedersen Fox (KPF), Gehl, gmp Architekten, Aedas, SimpsonHaugh, MORPH, ENOTA, LDA Design, CITIC Design және басқа да жетекші сәулет бюроларының сәулетшілері мен сарапшылары қатысты.


Форум қатысушыларына құттықтау сөз сөйлеген Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қалалық ортаны дамытуда халықаралық деңгейдегі кәсіби диалогтың, тәжірибе алмасудың және озық сәулет тәжірибесін қолданудың маңызы зор екенін атап өтті. Қала басшысы форум жобаларды іске асыруға, сондай-ақ халықаралық және қазақстандық сәулет бюроларының, университеттер мен сарапшылардың жемісті ынтымақтастық орнатуына жаңа мүмкіндік ашатынына сенім білдірді.

– Бүгінде әлемде елдер ғана емес, қалалар да адами капитал, инвестиция және идеялар үшін бәсекеге түсіп жатыр. БҰҰ дерегіне сәйкес, жер жүзінде халқының саны миллионнан асатын 500-ден астам қала бар, ал 2030 жылға қарай олардың саны 700-ден асады. Әлемдік жалпы ішкі өнімнің 80 пайыздан астамы қалаларда өндіріледі. Алматы – Қазақстанның ең ірі қаласы әрі Орталық Азияның жетекші экономикалық, іскерлік және мәдени орталықтарының бірі. Мұнда 2,4 млн.-нан астам адам тұрады, еліміздің жалпы ішкі өнімінің шамамен, 22 пайызы Алматының үлесіне тиесілі. Алматы өмір сүруге, еңбек етуге, білім алуға және кәсіп ашуға қолайлы қала болып қалуға тиіс, – деді Дархан Сатыбалды.

Алматы әкімінің айтуынша, Алматы үшін экологиялық тұрақтылықты, жасыл аумақтарды және қаланың табиғи желдетілуін сақтау аса маңызды. Сондықтан қала қарқынды ғана емес, теңгерімді де дамуға тиіс.

– Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған міндеттердің біз үшін маңызы айрықша. Президент заманауи инфрақұрылымы бар, тұрмыс сапасы жоғары әрі адамға қолайлы орта қалыптасқан жаңа мемлекет құру қажеттігін атап өтті. Бұл Алматыға ерекше жауапкершілік жүктейді. Қаламыз қалалық орта сапасының жаңа стандарттарын қалыптастырып, құрылыс, сәулет және қала құрылысы салаларында көшбасшы болуға тиіс. Біз халықаралық тәжірибе мен жаңа технологияларға ашықпыз, – деді Дархан Сатыбалды.

Форумда биік ғимараттар салу және қоғамдық кеңістіктерді дамыту мәселелері – негізгі талқылау тақырыптарының бірі болды. Оған қоса, заманауи сәулет пен жобалау тәжірибесіне баса назар аударылды. Пленарлық сессияларда спикерлер қоғамдық ғимараттардың жобасын, қасбеттерге арналған сәулет шешімін және ауқымды құрылыс жобаларының үлгісін таныстырды. Өз кезегінде SHARE Architects негізін қалаушы Флорин Миндириджиу заманауи сәулет шешімдерін Алматының өзіндік болмысын, бірегей табиғи ландшафты мен сәулет мұрасын сақтаумен ұштастырудың маңызын атап өтті. Оның айтуынша, халықаралық тәжірибе қаланың дамуына, тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға және Алматының өзіндік келбетін сақтауға ықпал етуге тиіс.



Александр ШПИТЦЕР, Gehl халықаралық компаниясының жобалар жөніндегі директоры:

Өзгерістер анық байқалады

Алматы қоғамдық кеңістіктерді дамытуда дұрыс бағытта келе жатыр. Қалалық ортадағы оң өзгерістер қазірдің өзінде байқалады. Бұл ретте жаңа қоғамдық кеңістіктер құрумен қатар, қолданыстағы аумақтарды жаңаша қарастырып, оларды тұрғындардың күнделікті өміріне барынша қолжетімді әрі қолайлы ету маңызды. Меніңше, Алматыда үлкен әлеует бар. Енді қала аумағын қайта бөліп, жаяу жүргіншілерге басымдық беру маңызды. Жайлы қалалық орта үлкен саябақтар мен алаңдардан ғана емес, қарапайым жаяу жүргіншілер жолдарынан, аулалардан және үй маңындағы шағын кеңістіктерден де қалыптасады.

Джей ДкЮ, Оңтүстіккореялық сәулетші, ILLO Architects компаниясының негізін қалаушы:



Тау көрінісі ерекше

Алматыға алғаш рет келіп отырмын, маған қаланың табиғаты, әсіресе, тау көрінісі ерекше әсер қалдырды. Себебі, таулар қаланың барлық жағынан көрінеді. Сәулеттік нысандарының ішінде маған мұражайлар мен «Қазақстан» қонақүйі қатты ұнады. Форум барысында Алматының Бас жоспарымен таныстым. Оған өз ұсынысым да бар: қала тарихи бөлігіндегі аласа қабатты құрылысты сақтап, жаңа құрылыс жобаларын орталықтан тыс аумақтарда дамыту өте маңызды. Сонда қаланың кез келген бөлігінен таудың әсем көрінісін тамашалау мүмкіндігі сақталады. Бұған қоса, жүргіншілер қауіпсіздігіне, көлік жүктемесін азайтуға және ауа сапасын жақсартуға ерекше назар аудару қажет деп санаймын. Мегаполисті дамытудың ең маңызды бағыттарының бірі –эколо гиялық таза көлік түрлерін енгізу.



Мануэла Гатто, Zaha Hadid Architects (Ұлыбритания) сәулет бюросының директоры:

Жасыл желегі мол екен

Алматының жаңа Бас жоспары қаланың табиғи түрде дамып, бірнеше полиорталығы бар мегаполиске айналуына көмектеседі. Қаланы дамытуда тек орталыққа басымдық бермей, барлық аумақты қамту тұрғындардың орталыққа қатынауынан туындайтын көлік және инфрақұрылымдық жүктемені азайтады. Алматының әр бөлігінде мүмкіндіктер теңдей қолжетімді болып, «шеткі аймақ» пен «орталық» арасындағы айырмашылық жойылады. Яғни қаланың барлық аумағы өмір сүруге қолайлы ортаға айналады.

Бас жоспардан байқағанымыздай, Алматының басты ерекшеліктерінің бірі – жасыл желегінің молдығы. Бұл қаланы көптеген басқа мегаполистен даралайтын маңызды артықшылық. Сондықтан жасыл аумақтарды дамыту, ағаш отырғызу мен көгалдандыруды күшейту, сондай-ақ жаяу жүргіншілер мен велосипедшілерге қолайлы жағдай жасау аса маңызды.

Фредерик Люнг, Bjarke Ingels Group (Дания) сәулет бюросының сәулетшісі әрі серіктесі:



Қала түрленіп келеді

Біздің компания Данияда тұрғын үй кешендерінен бастап Гималайдағы Бутанның жаңа халықаралық әуежай терминалына, Нидерланд пен Аустралиядағы ірі нысандарға дейін түрлі жобаларды жүзеге асырып жатыр. Алдағы уақытта бюро Алматыда да жобаларды іске асыруды көздеп отыр. Қаладағы жаңа даму аймақтары есебінен мегаполистің өсуі мен құрылыс тығыздығын оңтайландыру шаһарды жаңа деңгейге көтеруге жол ашады. Бұл – адамға ыңғайлы қалалық ортаны, ландшафт пен сәулеттің үйлесімін, тұрақты даму қағидаттарын өзара ұштастыруға және жаңа нысандар салу арқылы халқы тығыз қалаларға тән мәселелерді шешуге берілген бірегей мүмкіндік. Сондықтан алдағы 10–20 жылда Қазақстанда және Алматыда болатын өзгерістер тұрғындар үшін сапалы өмір сүру ортасын қалыптастырады.

Досбол АТАЖАН.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Ғылым-білімнің көшбасшы орталығы

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкеновтің төрағалығымен жоғары оқу орындарының басшылары бас қосып, студент жастарға қатысты өзекті мәселелерді талқылады. Кездесуде қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздік, мерекелік іс-шараларға дайындық, сондай-ақ университеттердің қала өміріне белсенді араласуы сөз болды.



Алматыны студенттер қаласы деп бекер атамайды. Бүгінде шаһардағы 36 жоғары оқу орнында 238 мыңға жуық жас білім алып жатыр. Ал 14 пен 35 жас аралығындағы жастардың жалпы саны 770 мыңға жуықтайды. Бұл –қаладағы жастар саясатына, олардың білімі мен тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуді қажет ететін көрсеткіш.

Жиында алдымен студенттердің қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі көтерілді. Жоғары оқу орындарының басшыларына демалыс уақытында профилактикалық және түсіндіру жұмыстарын күшейту қажеттігі айтылды. Сонымен қатар, оқу орындарының жаңажылдық безендірілуі мен алдағы мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру жайы талқыланды. Биыл Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығына орай университеттерде мазмұнды іс-шаралар өткізу де назардан тыс қалмады.

Қала әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов шаһардың елдегі білім мен ғылым орталығы ретіндегі орнын атап өтті:

– Алматы әрдайым ғылым мен білімнің орталығы болды және сол мәртебесін сақтап келеді. Қалада университеттер көп, студенттер саны да ауқымды. Білім беру инфрақұрылымы да дамып, жетіліп жатыр, – деді Абзал Нүкенов.

Кездесу барысында жастарға білім берумен қатар, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін қалыптастыру мәселесіне де басымдық берілді. Атап айтқанда, оқу орындарында «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыру, «Адал азамат» құндылықтарын насихаттау және «Адал азамат – Заң мен тәртіп – Білімді ұрпақ» идеологемасын жүйелі жүзеге асыру қажеттігі айтылды. Сондай-ақ, қаладағы жоғары білімді қолдау шаралары сөз болды. Соның бірі – әкімдік тарапынан бөлінетін білім гранттары. Былтыр жалпы 280-ге жуық грант қарастырылып, оның 132-сі Алматы қаласына бөлінген.

Бұдан бөлек, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлау бағытында да жұмыс жүргізіліп жатыр. Мәселен, мектептерге, балабақшалар мен колледждерге қажетті кадрларды даярлау үшін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен бірлескен жұмыс жолға қойылған. Бұл бағытта жүзден астам қосымша келісім жасалған.

«Тұран» университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор Рахман Алшанов та өз сөзінде жоғары оқу орындарының қала экономикасы мен инновациялық дамуына қосатын үлесіне тоқталды. Оның пікірінше, университеттер тек маман даярлайтын білім ордасы болып қана қоймай, ғылыми зерттеулер мен жаңа бастамалардың дамуына да ықпал етуі керек.

Жалпы, кездесу университеттер мен қала әкімдігі арасындағы байланысты нығайтуға бағытталды. Өйткені, Алматының бүгінгі тынысы мен ертеңгі дамуына студент жастардың қосар үлесі зор. Ал олардың сапалы білім алып, қауіпсіз ортада өмір сүруі және азаматтық ұстанымының қалыптасуы – ортақ жауапкершілік.

Аяжан СЕРІККЫЗЫ.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты табысталды

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығын мерекелеу аясында «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранттық жобасының жеңімпаздары марапатталды.

Болашағы зор бастамалардың 13 жас авторы ғылым, мәдениет, ақпараттық технология, бизнес, еріктілік және медиа салаларындағы жобасын жүзеге асыру үшін 1 млн. теңгеден грант алды. Гранттық қолдаудың жалпы көлемі 13 млн. теңге.



Жеңімпаз жастарды Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының жастарды әлеуметтендіру және ақпараттық жариялау бөлімінің басшысы Ермұхаммед Палмағанбетов құттықтап, Қазақстан Тәуелсіздігінің 35 жылдығы аясында жас таланттарды қолдаудың айрықша мәнге ие екенін атап өтті.

Жоба талантты әрі бастамашыл жастарды қолдауға, олардың кәсіби, зияткерлік және шығармашылық әлеуетін дамытуға, сондай-ақ болашағы зор идеяларды нақты жобаларға айналдыруға жағдай жасауға бағытталған. Қоғамға нақты пайда әкелетін, қалалық ортаның дамуына ықпал ететін және жас мамандарға жаңа мүмкіндіктер ашатын бастамаларға ерекше назар аударылды.

Биыл гранттық қолдау алты бағыт бойынша бөлінді. Ғылым, мәдениет, еріктілік, ақпараттық технология және медиа салалары бойынша екі жеңімпаздан анықталса, тағы үш грант жас кәсіпкерлерге берілді. 13 грант иегерінің әрқайсысы өз бастамасын жүзеге асыру үшін 1 млн. теңгеден алды.

Жеңімпаздарды іріктеу барысында конкурстық комиссия ұсынылған идеялардың өзектілігі мен жаңашылдығын, әлеуметтік маңызын, іс жүзінде жүзеге асыру мүмкіндігін және күтілетін нәтижесін ескерді. Қатысушылар заманауи технологияны, кәсіпкерлікті, мәдениетті дамытуға және қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған бастамаларын ұсынды.

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының жастарды әлеуметтендіру және ақпараттық жариялау бөлімінің басшысы Ермұхаммед Палмағанбетов Қазақстан Тәуелсіздігінің 35 жылдығы аясында жас таланттарды қолдаудың айрықша мәнге ие екенін атап өтті.

«Тәуелсіздіктің басты жетістіктерінің бірі – болашағын туған елінде құруға ұмтылатын жасампаз ұрпақтың қалыптасуы. Бүгінгі шағын бастама ертең ірі ғылыми жаңалыққа, табысты бизнеске немесе қоғам өмірін өзгертуге қабілетті жаңа шешімге айналуы мүмкін. Біздің міндетіміз – жастардың идеясы қолдау тауып, нақты нәтижеге айналуы үшін жағдай жасау», – деді Ермұхаммед Палмағанбетов.

Алматы – Қазақстандағы ең ірі жастар, білім беру және инновациялық орталықтардың бірі. Бүгінде қалада 770 мыңға жуық жас тұрады. Олар ғылымның, кәсіпкерліктің, цифрлық технологияның, мәдениеттің дамуына және қоғамдық бастамаларды жүзеге асыруға белсенді атсалысып келеді.

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының қолдауымен қалада жастардың әлеуетін ашуға, кәсіпкерлік дағдысын дамытуға, жас ғалымдарды қолдауға және кәсіби тұрғыда өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік беретін жобалар іске асырылуда. Байқауды Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен «Алматы студенттер Альянсы» корпоративтік қоры ұйымдастырды.

Салтанатты рәсім барысында жеңімпаздарға гранттық сертификаттар табысталды. Көрсетілген қолдау жас авторларға жобасын іске асыруға, әзірлемесін дамытуға, кәсіпкерлік бастамаларын қолға алуға және әлеуметтік маңызы бар идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Рая ЕСКЕНДІР.

Жақсылық жасағандар марапатталды

Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің конференц-залында «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» қалалық байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. «Толық адам» тұжырымдамасы аясында ұйымдастырылған жобаға 2 мыңнан астам адам қатысты.

Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының Қоғамдық даму орталығы өткізген салтанатты іс-шарада орталық жетекшісі Айдар Есенбеков, әділқазылар алқасының төрағасы, «Тұран» университетінің ректоры, профессор Рахман Алшанов қатысушыларды құттықтап, сөз сөйледі.

– Байқауға Абайдың «Толық адам» ілімі негіз болды. Өздеріңіз білетіндей, ұлы ойшылдың бұл қағидаты ақыл, қайрат пен жүректің бірлігіне негізделген. Аталған құндылықтар Мемлекет басшысының «Адал азамат» тұжырымдамасымен де үндеседі. Бұл идеялар еліміздің жаңа Конституциясының негізгі бағыттарымен де сабақтас. Атап айтқанда, Әділетті Қазақстанның «Заң мен тәртіп» қағидатын ұстануға, білімге және болашақ алдындағы жауапкершілікке басымдық береді.

– Жобаның басты мақсаты – жастарға бағыт-бағдар беріп, олардың бойында күнделікті өмірде осы құндылықтарды қалыптастыру. Абай айтқандай, толық адам болу үшін байқау тақырыбына арқау болған үш қасиет қажет. Олар – «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», – деді А.Есенбеков.

Байқау ұлы ақын философиясындағы үш қасиетке сәйкес үш номинация бойынша өтті.

«Ыстық қайрат» номинациясы бойынша «Расима-ФудБанк Қазақстан» жеке қорының жетекшісі Расима Темербаева жеңімпаз атанды. Ол зейнеткерлерге арналған «Қайырымды түскі ас» жобасын жүзеге асырып келеді.

«Нұрлы ақыл» номинациясы бойынша өзекті қоғамдық мәселелерді шешуге бағытталған интеллектуалдық жобасы үшін «Әділет» колледжінің командасы үздік деп танылды.



Ал «Жылы жүрек» номинациясын «Мейірім жіптері» («Нити Добра») волонтерлік жобасының жетекшісі Гүлниса Құлымжанова жеңіп алды. Жоба жетекшісінің айтуынша, еріктілер 2017 жылдан бері реанимация бөліміндегі жаңа туған нәрестелерге көмек көрсетіп келеді екен.

Салтанатты кеште байқау кезеңдерінен бейнехроника көрсетіліп, жеңімпаздар өз жобаларының нәтижелерімен бөлісті.

Іс-шара Абай шығармаларына негізделген музыкалық қойылымдармен жалғасып, қатысушылардың «Атамекен» әнін бірге орындауымен аяқталды.

Нұрлан СҮЙІН.

БІЗДІҢ СҰХБАТ



Құрылтай депутаты, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі Ләззат Жылқыбаева Алматының білім беру жүйесінде ұзақ жылдар еңбек етіп, қалалық Білім басқармасын басқарды. Кейін Жетісу ауданының әкімі болды. Біз депутатпен Құрылтай қанатындағы қызметтің жауапкершілігі, білім саласының түйінді мәселелері, азаматтардың өтініштері және алдағы заңнамалық бастамалар туралы әңгімелескен едік.



Ләззат ЖЫЛҚЫБАЕВА:

ДЕПУТАТҚА БЕРІЛГЕН ЖАУАП МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШІМІ ЕМЕС...

– Ләззат Әуесханқызы, сіздің Алматы қаласындағы атқарған жұмыстарыңызға куәміз. Депутат ретінде қазіргі қызметіңіздің жауапкершілігі мен форматы туралы білгіміз келеді. Әңгімемізді осыдан бастасақ...

– Иә, орынды сауал. Кезінде Білім басқармасында және аудан әкімі ретінде қолданыстағы заңның аясында жұмыс істедік. Әрине, ол кезде берілген тапсырманы орындадық, ресурсты бөлдік, нәтижеге жауап бердік. Бұрын бір аудан көлемінде шешілген мәселе тек сол ауданның ғана игілігі болса, қазір олай емес. Дұрыс қабылданған, яғни дұрыс жазылған бір норма бүкіл елдегі мыңдаған отбасының өміріне әсер етеді. Мәселен, бұрын кез келген әкім өз ауданы үшін жауап берсе, депутат бүкіл ел алдында жауап береді. Сондықтан әр бастаманы қолға алғанда «бұл барлық өңірде, соның ішінде шалғай ауылдарға да жұмыс істей ме?» деген сұрақ аясында тексеремін. Жалпы, менің жұмыс тәсілім өзгерген жоқ. Сол ашық қалпындамын. Бұрынғыдай адамдармен тікелей байланысып отырамын. Тіпті, әлеуметтік желідегі парақшам да өзгермеді. Ал жұмыс істеу тәсіліме келсем, мәселені толық анықтап алғаннан кейін ғана қорытынды жасаймын.

– Депутат ретінде қандай мәселелерді басты назарға алып жатырсыз? Мәселен, білім саласында кезек күттірмейтін қандай мәселелер бар?

– Мемлекет басшысы 2026 жылғы 28 қазанда жариялаған «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру саласының түйінді мәселелерін нақты атап өткен болатын. Айталық, мұнда мұғалімнің шамадан тыс жүктемесі, білім инфрақұрылымының демографиялық өсім қарқынынан қалмауы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау. Депутаттық қызметтегі басымдықтарым да дәл осы бағыттармен үндес.

Қазір қолға алып отырған мәселем – мұғалімді артық жүктемеден, қағазбастылықтан босату. Неге десеңіз, мұғалімнің уақытының дені есеп толтыруға кетеді. Мұғалім қағазбастылыққа емес, балаға уақыт бөлуі керек. Сосын, мектептегі орын тапшылығы мен сыныптардың шамадан тыс толып отыруы. Бұл да білімнің сапасына, балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін өткір мәселе. Балалардың, әсіресе, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың құқығы мен қауіпсіздігі де қоғамды алаңдатып отырған жайттардың бірі. Оған жеке деректерді қорғау да, инклюзивті ортаны қалыптастыру да, отбасыларға көрсетілетін көмектің бір жүйеге келуі де кіреді. Міне, байқап отырсаңыз, үшеуі бір-бірімен байланысты. Егер мұғалімнің уақыты бос болмаса, сынып толып отырса, ерекше балаға жеке көңіл бөлу мүмкін емес.

– Ләззат Әуезханқызы, айтқаныңыз орынды. Расында, бүгінде мұғалімдердің жүктемесі, қағазбастылық, цифрлық платформалардың көбеюі жиі талқыланады. Артық әкімшілік жұмыстарды азайту үшін қандай өзгерістерді қолға алған жөн?

– Шынында бұл мәселе маған таныс. Қағазбастылықты азайту туралы бұйрықтар бірнеше рет шықса да, іс жүзінде есептің түрі ғана өзгеріп, қағаздың орнын цифрлық форма басатын еді. Ал мұғалім бір деректі бірнеше платформаға қайта-қайта енгізіп отыруға мәжбүр. Сондықтан мен үш нақты қадамды ұсынар едім. Біріншісі, мұғалім жасайтын құжаттардың жабық тізімін бекіту керек. Сосын тізімде жоқ есепті ешкім талап ете алмайды. Екіншісі, «бір дерек – бір рет» қағидаты. Бұл ретте мектептегі ақпараттық жүйелер бір-бірімен интеграцияланып, деректі бір рет енгізу жеткілікті болуы керек. Үшіншіден, мұғалімді сабаққа қатысы жоқ іс-шараларға, сауалнамалар мен түрлі науқандарға тартуға шектеу қою керек. Өйткені, мұғалімнің әр сағаты балаға тиесілі. Бұл мәселенің маңызын Президент өз Жолдауында да ерекше атап өтті. Мұғалімдердің түрлі платформалар мен цифрлық жүйелердегі есептерге шамадан тыс жүктелгенін, мұғалімді негізгі міндетінен алаңдататын нәрсенің бәрін тоқтату қажеттігі туралы нақты тапсырма берілді.

– Мектептердегі орын тапшылығы, үш ауысымды оқу және сыныптардың шамадан тыс толуы әлі де өзекті. Бұл мәселелерді шешуде қандай жүйелі өзгерістер қажет?

– Иә, мен Алматыдағы бұл мәселені жақсы білемін. Өйткені, қала қарқынды түрде өсіп келеді. Күн сайын жаңа тұрғын үйлер бой көтергендіктен, мектеп құрылысы қалып қойып жатыр. Жүйелі шешім үшін, біріншіден, қала құрылысын жоспарлау кезінде әлеуметтік нысандарды салу мерзімін құрылыс салушымен бірге нақты бекіту керек.

Кез келген тұрғын үй мектепсіз пайдалануға берілмеуі тиіс. Екіншіден, мектептерге қажетті демографиялық болжаммен, кемінде 5–10 жылға алдын ала есептеу қажет. Үшіншіден, оқушы орнының тапшылығын төмендетуге әсер ететін жекеменшік мектептерді мемлекеттік тапсырыс арқылы қолдау қажет. Жекеменшік мектептерді қаржыландыру мәселесі қазіргі қоғамда жиі талқыланып отыр. Менің ұстанымым да сол. Егер жекеменшік мектеп қоғамдағы өзекті мәселелердің шешіміне өз әсерін тигізіп отырса, әсіресе, әлеуметтік осал топтағы отбасылар үшін салмақ түспесе, мемлекет тарапынан қолдау көрсетуге болады деп ойлаймын. Мектепке салынған қаржы шығын емес, елдің болашағына салынған инвестиция.

Мемлекет басшысы Жолдауда құрылыс демографиялық өсім қарқынынан қалмауы керек екенін атап өтті. Бұл талап мектеп пен балабақша құрылысын тұрғын үй құрылысымен міндетті түрде байланыстыру туралы ұсынысыммен тікелей сабақтас. Президент «Халықтық құрылыс» бағдарламасын еліміз тарихындағы ең ауқымды инфрақұрылымдық жоба деп атады. Оған 2029 жылдың соңына дейін Ұлттық қордан шамамен 6,5 триллион теңге бөлінеді, оның 1,5 триллион теңгесі биыл және 2027 жылдың алғашқы екі айында әлеуметтік жобаларға бағытталады. Алматы үшін жаңа көпбейінді балалар ауруханасын салу қала тұрғындары көптен күткен шешім. Ендігі депутат ретінде менің міндетім осы тапсырмалардың қағаз жүзінде қалмай, уақытылы әрі сапалы орындалуын бақылау. Әр нысанның құрылысы ашық жүріп, бөлінген әр теңге мақсатына жұмсалуы тиіс. Халық Жолдаудың нәтижесін жаңа мектептен, ауруханадан, ауылға жеткен газ бен таза судан көргенде ғана оны орындалды деп есептей аламыз.

– Мектепке дейінгі білім беру саласында да бірқатар мәселе бар. Балабақшалардағы білім сапасы, тәрбиешілердің біліктілігі мен балалар қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қандай бастамалар көтермексіз?

– Дұрыс айтасыз, балабақша дегеніміз баланың тұлға ретінде қалыптасатын алғашқы ортасы. Ең әуелі мемлекеттік тапсырыс алатын жекеменшік балабақшалардағы бақылауды күшейту керек дер едім. Бюджет қаражаты бөлінсе, оның әр теңгесі баланың тамағына, тәрбиесіне, қауіпсіздігіне жұмсалуы тиіс. Сондықтан ата-аналар мен қоғамға балабақшаның сапасы туралы ашық ақпарат рейтингтер, тексеріс нәтижелері қолжетімді болуы тиіс. Тәрбиешіге қойылатын талаптарға да мән беру керек. Себебі, бұл мамандыққа кездейсоқ адам келмеуі керек.

Кәсіби біліктілік, психологиялық тексеруден өту, үздіксіз оқыту міндетті болуы тиіс. Әрине, бұған қоса тәрбиешінің жалақысы мен мәртебесі оның жауапкершілігіне сай болуы қажет. Сондай-ақ, қауіпсіздік мәселесі, бейнебақылау, медициналық қызмет, тамақтану сапасы және балаға қатысты кез келген зорлық-зомбылық үшін мүлтіксіз жауапкершілік басты талап болу керек. Жоғарыда айтылған түрлі цифрлық платформалар толтыру мәселесі балабақша тәрбиешілерін де алаңдатып отырғаны мәлім. Сондықтан орта білім саласындағы цифрлық платформаны азайту мәселесі мектепке дейінгі білім саласына да қатысты болу керек.

– Өзіңіз жолдаған депутаттық сауалдар мен бастамалардың нәтижесі халыққа қалай көрінеді? Жалпы, осындай мәселенің шешілгенін қалай бақылайсыз?

– Әрине, сауал жолданып, жауап алынған соң іс бітті деген сөз емес. Депутат сауалына берілген жауап мәселенің шешімі емес, тек уәде ғана. Сондықтан әр сауал бойынша мемлекеттік органның нақты не істейтінін, қандай мерзімде орындайтынын бақылаймын. Тіпті, қажет болса қайтара сауал жолдап, мәселені Құрылтай отырысында қайта көтеремін. Халыққа ашық болу бұл менің басты қағидатым. Әлеуметтік желідегі парақшаларымда сауалдың мәтінін, алынған жауапты және одан кейінгі нәтижені жариялап отырамын. Қоғамдық қабылдауларда өтініш берген азаматқа оның мәселесі қай сатыда тұрғанын хабарлап отыру да маңызды. Адам өз сөзіне құлақ қойғанда ғана, мемлекетке деген сенімі артады.

– Халықпен кездесіп, қоғамдық қабылдауларда болғанда қандай мәселелер жиі көтеріледі? Назарыңызды ерекше аударғандары болды ма?

– Маған көбіне әлеуметтік мәселелер, баспана кезегі, мектеп пен балабақшадан орын алу, ерекше балаларға көмек, әлеуметтік төлемдер туралы, ал білім беру қызметкерлері тарапынан жүктеме мен әкімшілік қысым туралы жиі шағымданады. Адамдардың көбі заңға қайшы нәрсе сұрамайды, тек олардың өз құқығын жүзеге асыра алмай жүргені мені қатты толғандырады. Неге десеңіз, олардың құқығы бар болса да, бірақ оған жету жолының тым күрделі, бюрократиялық кедергілер көп. Яғни мәселе көбіне заңның жоқтығында емес, оның орындалу тетігіне байланысты. Депутат ретінде мен үшін маңыздысы осы кедергілерді анықтап, оларды жүйелі түрде жою.

– Жақында азаматтардың, соның ішінде кәмелетке толмаған балалардың жеке деректерінің ашық жариялануына байланысты депутаттық сауал жолдадыңыз. Білім беру ұйымдарындағы жеке мәліметтерді қорғау мәселесі неге әлі де өзекті? Қандай нақты шешімдер күтесіз?

– Иә, мен бұл сауалды Бас прокурорға және Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министріне жолдадым. Оған нақты деректер негіз болды. Қызылорда облысының Шиелі ауданында жеті білім беру ұйымы мемлекеттік сатып алу порталына 529 қызметкердің жеке деректерін орналастырған. Семейде қызметкерлермен қатар 344 кәмелетке толмаған баланың мәліметтері ашық қолжетімді болды. Ең сұмдығы – бұл деректер ешқандай бұзып кірусіз, жәй ғана немқұрайлылықтың салдарынан жарияланғандығы. Бұл деректер алаяқтардың немесе қаскүнемдердің қолына түссе, салдары ауыр болуы әбден мүмкін ғой. Сондықтан білім беру ұйымдарының деректерді қорғау талаптарын тексеріп, жауапты тұлғаларды анықтау, деректермен жұмыс істеуге оқыту сынды шешімдер цифрлық мемлекетке деген сенім азаматтың өз деректерінің қорғалатынына деген сенімінен басталады.

– Алматы тұрғындары көтерген мәселелерге қаншалықты басымдық бересіз? Жалпы, біздің шаһардың қандай проблемасын республикалық деңгейде көтеруге болады?

– Ооо, Алматы – менің студенттік шағым өткен, одан кейін қарапайым мұғалімнен аудан әкіміне дейінгі кәсіби өмірімді қалыптастырған қала ғой. Ару қаламыздың сонау 90-шы жылдардан бастап қазіргі кезге дейінгі гүлденуі, өсіп-өркендеуі көз алдымда. Қаланың әрбір бұрышы, көшесі, ғимараты, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен үшін ыстық. Алматылықтардың өтініштеріне ерекше көңіл бөлетінім рас. Бірақ Құрылтай депутаты ретінде бүкіл ел үшін жауап беретінімді ұмытпаймын. Алматының көптеген мәселелері, шын мәнінде, тіпті жалпыұлттық сипатқа ие. Өйткені, ірі қалалардағы мектептердегі орын тапшылығы мәселесі Астанада да, Шымкентте де өзекті. Қарқынды құрылыс пен әлеуметтік инфрақұрылымның арасындағы алшақтық, экология және ауа сапасы, сейсмикалық қауіпсіздік, ішкі көші-қонның ірі қалаларға түсіретін жүктемесі мұның бәрі республикалық деңгейде жүйелі шешімді талап етеді. Халық қалаулысы ретінде Алматыдағы тәжірибе мен шешімін тапқан проблемаларды бүкіл елдің игілігіне айналдыру менің міндетім.

– Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Рая ЕСКЕНДІР.





КИМЕШЕК КИГЕН ҚАНДАЙ-ДЫ!

Заманауи қоғамда ұлттық код пен ата-баба мұрасын жаңғыртып, өскелең ұрпаққа өнеге болып жүрген жандар да бар. Солардың бірі – «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігі құрамындағы Бостандық аудандық филиалының жетекшісі Күләш Нұрсұлтанқызымен болған сұхбатымыз қазақы тәрбие, ұлттық һәм отбасылық құндылықтар төңірегінде өрбіді.

Әжесінің баласы

Ұлттық құндылықты ұлықтау – өткенді еске алумен шектелмейтін, бүгінгі өмірмен біте қайнасып жатқан маңызды іс дейді кимешекті ана. Күләш апайдың аталған қоғамдық бірлестік құрамына кіргеніне бес жылға жуықтаған. Оны ұйымға тартқан – «Қазақ аналары – дәстүрге жол» деген атаудың өзі. Ал кимешекті осы ортаға келгеннен кейін ғана, тек мерекелік іс-шараларда ғана тағып, уақыт өте келе басынан мүлдем шешпейтін болғанын айтады.

«Кимешекті кигеннен кейін өзіңізді-өзіңіз жинақтайды екенсіз. Бұрынғыдай сабырсыздықты тыя бастайсыз, ұстамды болуға тырысасыз. Яғни кимешек те адамды үнсіз-ақ тәрбиелейтінін ұғындым», – дейді кейіпкеріміз.

Иә, ұлттық киім – сыртқы сән ғана емес, адамның ішкі мәдениетіне де ықпал ететін рухани белгі. Ол кимешекті қазақтың ұлттық болмысымен, әжелердің өнегесімен және ұрпақ сабақтастығымен байланыстырады.

«Қазақтың ұлттық болмысы деген нәрсе біздің қодымызда бар дүние ғой. Көшеде қарсы алдымнан жолыққан бейтаныс адамдардың өзі, әсіресе, жастар, ер-азаматтар жол беріп, қолын кеудесіне қойып құрмет көрсетіп жатады», – дейді Күләш апай шуақты кейіппен.

Ол мұндай құрметті күнделікті өмірде талай рет сезінген. Әсіресе, таксиге мінгенде немесе көшеде кимешекпен жүргенде, кейбір азаматтардың әжелерін еске алып, тебіренетін сәттері Күләш апайдың жадында ерекше сақталған.

«Көлігінің алдындағы айнасынан артқы жақта отырған маған қарап отырып: «Апатай, кимешегіңіз жақсы екен. Мен әжемнің баласы едім, сол кісінің бауырында өсіп едім. Менің әжем де басынан ақ кимешегін тастамайтын», «Апамды сағыныппын, есіме түсірдіңіз», – деп көзі жасауырап қалған талай азаматты көргенмін. Сонда жолда келе жатып: «Мына баланың жүрегі мейірімге толы екен. Сол мейіріммен үйіне барып, жақындарына да жылу сыйлайды емес пе?» деп ойлаған сәттерім аз болмаған», – дейді ол.

Демек, кейіпкердің бұл әңгімесінен ұлттық киімнің тек тарихи жәдігер емес, адамдарды жақындастыратын, жүректе жылы естеліктер оятатын рухани құндылық екені аңғарылады.

Күнделікті өмірде басынан кимешегін тастамайтын Күләш апа бастапқыда сахналық үлгілерді пайдаланса, кейін матаны қазақы үлгіде орауды айна алдына отырып алып өзі үйренді. Бүгінде басқа өңірлерден де әйелдер хабарласып, кимешекті қалай әдемі байлау керегін сұрап жататындары бар дейді күліп кейіпкеріміз.

Сырмақ сыры

Бірлестіктің Бостандық аудандық филиалының мақтанышына айналған жарқын істердің бірі – алматылық әйел-аналар жұмыла отырып, биыл 112 метрлік сырмақ тігіп, үлкен рекорд орнатты.

Күләш Нұрсұлтанқызының айтуынша, бұл жоба идеясының авторы – алматылық көпбалалы ана Жанар Сейітбекова.

«Бұл жәй ғана жүн, жіп, матамен сырылған сырмақ емес, 112 метрлік сырмақпен даладай кеңпейілді қазақтың мінезін көрсеткіміз келді. Ал түпкі мақсатымыз ұлттық құндылықтың өлмейтінін дәлелдеу болды. Әр өрнек кездейсоқ емес, ұлттық кодымызды сақтауға бағытталған», – дейді Күләш Нұрсұлтанқызы.

Бұл іске бір ғана адамның емес, алматылық көптеген ананың қолы мен жүрек жылуы сіңген. Ұзақ уақыт бойы бас қосып, матаны әзірлеу, өрнектерді үйлестіру, сырмақты тігу оңай болмаған. Жұмысқа төзімділікпен қатар, ұйымшылдық пен ортақ мақсатқа адалдық қажет еді.

Жобаның ауқымы 112 метрлік сырмақпен ғана шектелмеді. Алтын қолды шебер Әділет Байдәулетов жасап шыққан радиусы 20 метрлік алып шаңырақ та ұлттық өнердің мүмкіндігін көрсетті. Сөйтіп, Алматыда тойланған биылғы Наурыз мейрамында «Киелі шаңырақ» пен «Төрт мезгілді бейнелейтін сырлы сырмақ» Global Best of Records Азия және Африка елдері бойынша рекордтар кітабына еніп, арнайы сертификат иеленді.

Тігілген сырмақтардың бір бөлігі қаржылай қолдау көрсеткен әкімдікке берілсе, қалғаны сатылымға шығарылып, қазіргі күні этностильдегі дәмханалар мен өнерсүйер қауымның сұранысына ие болуда.

Дәстүрге жол

Республикалық бірлестіктің алматылық мүшелері республикалық деңгейде ұйымдастырылған, әулеттің, ағайынның берекесін кіргізетін абысын-ажындардың өзара сыйластығын, ауызбірлік пен ынтымақтығын насихаттайтын – «Абысын-ажын», жеңге мен қайынсіңлі арасындағы қарым-қатынасты нығайтатын – «Сырғалым – сырласым», әдемілік пен мәдениеттілік арқылы үлгі болатын «Сен сұлу» сынды өзге де байқауларға қатысқан.

Олар жастармен түрлі кездесулер өткізіп, қыздар мен ұлдарға отбасылық өмірдің жауапкершілігін, өзара сыйластықтың қадірін түсіндіруде де белсенді. Күләш Нұрсұлтанқызы әріптестерімен бірге бұған дейін Бостандық ауданындағы 33 мектептің ұжымымен жеке-жеке танысып, оқушылармен бірнеше кездесу өткізген. Колледждер мен жоғары оқу орындарында да болған.

«Мектеп мұғалімдері бізді жиі шақырады. «Балаларға салт-дәстүр туралы өзіміз айтсақ, олар күнделікті сабақ ретінде қабылдайды. Ал сіздердің өнегелі әңгімелеріңізді жақсы қабылдайды. Дәріс оқып кетсеңіздер екен» деп қолқа салып жатады ұстаздар. Әрине, қуана барамыз», – дейді Күләш апай.

Ұлттың рухани тамырын тереңнен тартқан осындай аналардың еңбегі – болашақ ұрпаққа берілген ең үлкен аманат әрі сарқылмас өнеге.

Күләш Нұрсұлтанқызы отағасы екеуі өнегелі ұл-қыз өсіріп, бес немере сүйіп отырған бақытты ата-әже. Күләш апайдың пікірінше, баланың болашағына салынатын ең маңызды инвестиция – оған берілген тәрбие, білім және отбасының қолдауы. Әсіресе, ата-әженің өнегесі мен немереге бөлінген уақыт баланың мінезі мен дүниетанымының қалыптасуына ықпал етеді.

«Ұл-қыздарымызға отбасын қолдаудың, бір-бірін құрметтеудің маңызын түсіндіруіміз керек. Бала толыққанды отбасында өсіп, әке-шешесінің өнегесін көргені жақсы. Ұлттық тәрбие дегеніміз – тек киім мен дәстүр емес, ол отбасындағы қарым-қатынас, үлкенге құрмет, кішіге ізет, балаға жауапкершілікпен қарау», – дейді кейіпкердің ұстанымынан аңғарылатын негізгі ой.

Міне, Күләш Нұрсұлтанқызының өмір жолы да, қоғамдық қызметі де бір маңызды ойға тоғысады: дәстүрді сақтау үшін оны құрметтеу аз, оны күнделікті өмірде қолдану керек. Кимешекті кию, сырмақ тігу, әжелердің жастармен әңгімелесуі, немеренің білім алуына көмектесу – сырттай қарағанда әртүрлі әрекеттер. Алайда, олардың барлығын біріктіретін ортақ өзек бар. Ол – ұлттық болмысты сақтау және келер ұрпаққа аманаттау.

Айта кетсек, қазір «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің құрамында еліміз бойынша 40 мыңнан астам қыз-келіншек, ақ жаулықты ана-әже бар. Бәрінің миссиясы – ұрпаққа, ұлтқа қызмет ету.

Нұржамал ӘЛІШ.



ЖӘДІГЕР

АСПАПТАР ӘЛЕМІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейі өз шаңырағында Алматының Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейімен бірлесіп «Музыкалық аспаптар әлемі» көрмесін ашты.






Экспозицияға қос музейдің қорында сақталған аспаптардың ең қызықты үлгілері қойылған. Мәселен, кезінде Сәкен Сейфуллиннің неміс танысына сыйға тартқан цитрасын көруге болады. Алматыда тұрған әлгі азамат кейін тарихи Отанына көшкен кезде сол аспапты көршісіне қалдырып кеткен екен. Ал көршісі оны Ұлттық орталық музейге тапсырған.

«Музыкалық аспаптар әлемі» – екі музейдің бірлескен жобасы. Оның мақсаты – келушілерді түрлі халықтың музыкалық және мәдени дәстүрлерімен таныстыру. Әр халықтың өз үні бар. Ол кейде ән





арқылы, кейде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан әуен арқылы естілсе, енді бірде музыкалық аспаптың өз болмысынан көрініс табады. Аспаптың пішіні, жасалған материалы мен құрылымының астарында біз ойлағаннан әлдеқайда терең мағына жатыр. Олардың әрқайсысы белгілі бір халықтың тарихынан, тұрмыс-тіршілігінен, дүниетанымы мен сұлулық туралы түсінігінен сыр шертеді», – дейді ҚР Ұлттық орталық музейі директорының орынбасары Ғалия Теміртон.

Иә, бұл көрме қазақ халқының дәстүрлі музыкалық аспаптарымен қатар, ұйғыр, өзбек, қырғыз, орыс, итальян, қытай және басқа да халықтардың музыкалық аспаптарын ұсынған.

Көрмеде ҚР Ұлттық орталық музейінің реставратор-шебері Дәулетжан Үсеновтің де қолынан шыққан бірнеше аспабы қойылған. Арасында қобыз да бар. Ата жолын, дәстүрін үзбей жалғап келе жатқан шебердің айтуынша, атасы ат әбзелдерін, ер-тұрман жасаған, ал әкесі өмір бойы музыкалық аспаптар жасаумен айналысқан. Бала кезінен әкесінің жанынан шықпай, оған көмектесіп жүріп ержетіпті. Жетінші сыныпта оқып жүргенінде оған арнап домбыра жасап берген. Ал жиырма жасында өзінің алғашқы аспабын өмірге әкелген. Содан бері осы кәсіппен айналысып келеді.

«Мен бүгінгі көрмеде домбыраның шанағы қалай құралады, беттақтайы қалай жабылады, желімін қалай жағу керек, пернелері қалай тағылады, ішегі қалай тартылады, соны түсіндіріп өттім. Себебі, бұл процестің бәрі аспаптың сапалы, үнінің әуезді шығуына тікелей байланысты. Электронды домбыра жасайтын шеберлер үшін оған механизмді қондыру тәсілін де көрсеттім. Өзім домбыра жасап келе жатқаныма қырық жыл болыпты. Жолаушы Тұрдығұловтың шәкірті екенімді мақтан етемін», – дейді музыкалық аспаптар жасау шебері Дәулетжан Үсенов.

Көрме аясында, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінің интерактивтік-эксперименттік қоры негізінде қазақтың ұлы тұлғалары – Абай Құнанбайұлы, Махамбет Өтемісұлы, Дина Нұрпейісова және басқа да көрнекті тұлғаларға тиесілі домбыралардың дәлме-дәл көшірмелері интерактивтік форматта ұсынылды.

Нұржамал ӘЛІШ.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

КӨРМЕ

ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІНІҢ «ӨМІР ӨЗЕНІ»

Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық өнер музейінің Орталық көрме залында белгілі қазақстандық суретші, кескіндемеші, ҚР Көркемсурет академиясының академигі Марат Тұрғымбайдың 70 жылдығы мен өнердегі шығармашылығының 50 жылдығына арналған «Өмір өзені» атты жеке шығармашылық көрмесі ашылды. Көрмеге автордың ұлттық мұра мен қазіргі заманғы кескіндеме өнерін тоғыстырған 50-ге жуық таңдаулы туындылары көрермен назарына ұсынылды.



Мәдени іс-шараны Ә.Қастеев атындағы Ұлттық өнер музейінің көрме қызметі мен сыртқы байланыстар жөніндегі орынбасары Мөлдір Бигелдиева ашып, өнер иесінің қазақ мәдениетінің дамуына қосқан үлесін айрықша атап өтті. Сонымен қатар, ҚР Суретшілер одағы басқармасының төрағасы Өмірбек Жұбаниязов, танымал кескіндемеші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Жанұзақ Мүсәпір, өнертанушы Лейла Кенжебаева сөз алып, қылқалам шебері Марат Тұрғымбайдың шығармаларындағы ұлттық нақыш, табиғат көріністері және әйел образы ерекше орын алатынын тілге тиек етті.

Марат Тұрғымбай 1956 жылы Жамбыл облысы, Меркі ауданында туған. Ол 1979 жылы Н.В.Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесін, кейін Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясын тәмамдаған. Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Ресей және Армения Суретшілер одақтарының құрметті мүшесі, ҚР мәдениет саласының үздігі. Оның жұмыстары Халықаралық, республикалық, көрмелерге қойылып, симпозиумдарға тұрақты қатысты.

Мерейтойлық көрмеде суретшінің көпжылдық ізденісі мен философиялық пайымдауларынан туған «Хан Тәңірі» триптихі, «Мәңгі дала әуені», «Даламның ояуы», «Дала сұлуының ұйқысы» және «Тоғызқұмалақ» сияқты монументалды жауһарлары орын алды. Бұған дейін «Бестерек» сияқты бірнеше сәтті жеке көрмелерін өткізген автордың туындылары Түркия, Германия, Финляндия, Ресей және Оңтүстік Корея сияқты шет елдердің халықаралық көрмелерінде жоғары бағаланып, беделді мемлекеттік және жеке коллекцияларға енген. Қылқалам шеберінің шығармашылық еңбектерінің ауқымды жинағы 2014 жылы жеке кітап болып жарық көрді.

Көрменің ашылу салтанатынан соң Марат Тұрғымбай танымал суретшілерімен бірлесіп кәсіби шеберлік сабағын өткізді. Шығармашылық шеберхана барысында өнерсүйер қауым мен жас дарындар қылқаламның сан қырлы құпиясымен танысып, нағыз майталмандардың жұмыс әдісін тікелей тамашалауға мүмкіндік алды.

Рая ЕСКЕНДІР.

КОНЦЕРТ



КҮЗГІ КӨҢІЛ-КҮЙ

Жамбыл атындағы мемлекеттік академиялық филармонияда ҚР еңбек сіңірген «Салтанат» мемлекеттік би ансамблі мен «Salt Sound» фольклорлық ансамблінің «Күзгі романс» атты музыкалық кеші өтті. Кеш барысында махаббат, сағыныш пен нәзік сезімдерді әуенге арқау еткен әлем халықтарының танымал лирикалық әндері мен шығармалары орындалды.

Сонымен қатар, «Салтанат» мемлекеттік би ансамблінің мың бұралған бишілері хореографиялық би қойылымдарын ұсынды. Кеш бойы әншілер Өмірқұл Айниязов, Мақпал Қазыбекқызы, Жұма Әбіл, Жеңіс Ермаш, Медет Орымбаев, Әділхан Макин, халықаралық конкурстардың лауреаттары Әділбек Мақсұт, Жайна Тарғынова, Аружан Данышпан, Асқар Рысбек орындаған әсем әндер көрермен көңілінен шықты. Сондай-ақ, «Salt sound» фольклорлық ансамблі орындаған шығармалар да көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



Бекзат болмысты Бекжан

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын Бекжан Әшірбаевтың «Жанартау» атты жыр жинағының тұсаукесер рәсімі өтті.

«Жанартау: ақынның мәңгілік үні» атты әдеби кеш қонақтары алдымен Бекжан Әшірбаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмесін, естелік фотосуреттер мен мұрағаттық материалдармен танысты.

Кеш барысында қонақтар ақын Бекжан Әшірбаевтың өмірі мен шығармашылық жолына арналған «Бекзат болмысты Бекжан» деректі фильмін тамашалады. Сөз кезегін алған Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов ақын өлеңдерінің көркемдік ерекшелігіне, тақырыптық тереңдігіне тоқталды. Ақын жырларындағы адамгершілік, өмір, туған жер мен қоғам тақырыптарының маңызын атап өтті.

Кешке ақынның анасы Ұлбике Әшірбаева арнайы қатысып, сағынышқа толы естелік тетігін ағытты. Әдебиеттанушы, ғалым Дандай Ысқақұлы, ақын Қасымхан Бегманов, ҚазҰУдың Журналистика факультетінің деканы Ысқақ Егембердиев, «Қазығұрт» баспасының директоры Темірғали Көпбаев, композитор Қалдыбек Құрманәлі сөз алып, асыл бейненің адами қасиеттерін ортаға салды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Журналистика факультетінің «Кино және медиа» мамандығының 4-курс студенттері ұстаздарының «Жанартау» жыр жинағынан өлеңдер оқыды.

Ақынның «Көршінің қызы», «Бөле алмаймыз ғой бақты үшке», «Жалғыз алма», «Арманның бәрі тәтті алғашында» әндерін Сырым Исабаев, Асхат Тарғын, Жандос Әбдірайымов, Гауһар Әлімбекова нәшіне келтіре орындады. Осылайша Бекжан Әшірбаевтың «Жанартау» жинағы оқырмандарына жол тартты.

Жырға айналған сағыныш...

Танымал ақын Динара Мәлікованың сүйікті ұлы Жігер Серікұлының рухына бағышталған «Жігер-жүрек» атты жаңа жыр жинағы оқырманына жол тартты. Ақын бұл жинаққа енген өлеңдерінің денін ұлы өмірден өткен күннен бастап жазған. Жанына жырдан ем іздеген сыршыл ақын тағдырдың ауыр сынын өлең тілімен жеткізіп, былай дейді:



«Күннен де қорғай алмадым,
Жерден де қорғай алмадым.
Алақан болып ашылып,
Жайылып неге қалмадым?..», –

деген жыр жолы ананың ішкі арпалысына, баласына деген сағынышына толы. Кітапты парақтаған сайын сіз бен біз білетін нәзік жанды Динара ақынның мұңын оқисыз.

«Қолыңызға тиіп отырған кітаптың елеусіз, қуыста қалмағанын қалар едім. Өйткені, мұндағы әрбір өлең жолында періштенің арманы, сағыныштың салмағы бар. Әр парағында менің мұңым бар», – деген ақын оқырманын бейжай қалдырмасы анық. Жалпы, жаңа жинақтың қысқаша мазмұны осындай.

Есімі өлеңсүйер қауымға кеңінен таныс Динара Мәлікова «Шабыт» Халықаралық фестивалінің лауреаты. Республикалық әдеби конкурстың «Алтын қалам» иегері, ол Халықаралық «Махаббат жырлары» мүшәйрасында сырлы да нәзік жырларымен I орынды жеңіп алған.

Сонымен қатар, дарынды жас ақын 2011 жылы «Үркер» журналының жыл бойы жүргізген «Үркер Үміт» бәйгесіне де ие болған. Кезінде М.Мақатаев атындағы қордың демеушілігімен шыққан «Тәңір сыйы» атты кітабына алғысөз жазған Халық ақыны Күләш Ахметова жас ақынның поэзиясына оң пікірін білдірген еді. Бұған дейін ақынның «Қиялыма сия алмаған екенмін...», «Жас толқын» сериясымен «Гүл қауызындағы хаттар» атты жыр жинағы жарық көрді.

Сенім көпірі

Әуезов ауданындағы №122 жалпы білім беретін мектепте «Сенім көпірі: отбасы мен мектеп ынтымақтастығы – баланың тұлғалық дамуының негізі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Тағылымды кездесуге Гарвард университетінің түлегі, «Болашақ» бағдарламасының мемлекеттік басқару магистрі (MPA), баспагер, «Мазмұндама» жобасының негізін қалаушы Шыңғыс Мұқан қатысты.



«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы мен «Кітап оқитын ұлт» жобасы аясында ұйымдастырылған іс-шара Ыбырай Алтынсариннің 185 жылдығына да арналды. Жиында 5-6-сынып оқушылары ұлы ағартушының өлеңдері мен шығармаларын мәнерлеп оқып, туындыларындағы адамгершілік, білімге құштарлық, еңбекқорлық пен ізгілік идеялары туралы ой бөлісті. Жас оқырмандардың өнеріне тәнті болған Шыңғыс Мұқан олардың кітап оқуға деген қызығушылығына, әдебиетке деген сүйіспеншілігіне қолдау білдірді.

Басқосудың негізгі бөлігі ата-аналармен ашық әңгімеге жалғасты. Бүгінде ата-аналар жиналысының мазмұнын жаңартып, бала тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелерді кеңінен талқылау қажеттігі артып отыр. Әсіресе, жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері, интернет қауіпсіздігі, кибербуллинг, әлеуметтік желілердің ықпалы және отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті туралы ақпарат ауадай қажет.

«Қазір түрлі ақпараттың дамыған кезеңі. Осындай уақытта баламен сөйлесудің дұрыс тәсілін табу да оңай емес. Мәселен, шамадан тыс қатаң бақылау баланы тұйықтауы мүмкін, ал толық еркіндік оның қауіпсіздігіне қатер төндіруі ықтимал. Сондықтан ата-анаға баламен сенімді қарым-қатынас орнатып, оның жеке пікірін құрметтеу маңызды», – дейді мектеп директоры Мөлдір Үсенқызы.

Кездесу барысында Шыңғыс Мұқан бала тәрбиесі, отбасындағы қарым-қатынас, кітап оқудың маңызы және ата-ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастық жөнінде ой қозғады. Ол 2019 жылы жарияланған «Америка мектептері балаларды қалай тәрбиелейді?» атты мақаласында да баланы жеке тұлға ретінде қабылдау, оның қадір-қасиетін құрметтеу мәселесіне ерекше тоқталғанын атап өтті.

Қаламгердің айтуынша, баланы өзгелермен салыстыру, пікірін елемеу, қателігін үнемі бетіне басу оның өзіне деген сеніміне кері әсер етеді. Керісінше, баланың ойын тыңдап, көзқарасына құрметпен қарау оның дербес тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

«Бала тәрбиесі дегеніміз – бір адамның емес, тұтас ортаның міндеті. Осындай тағылымды кездесулер ата-ана мен мектеп арасындағы алтын көпірді нығайтып, ортақ жауапкершілікті арттыра түсері сөзсіз. Мысалы, ата-ана баласына кітап оқуды талап етіп, өзі кітапқа қызығушылық танытпаса немесе баладан сыпайылық күтіп, өзгелерге дөрекі сөйлесе, оның несі үлгі, несі тәрбие? Өйткені, бала көбіне айтылған сөзден гөрі көрген әрекетін қайталайды емес пе?», – деді Шыңғыс Жұмабекұлы.

Жиын соңында ата-аналар мазмұнды кездесудің маңыздылығын атап өтіп, мұндай басқосуларды жылына кемінде төрт рет ұйымдастыру туралы ұсыныстарын жеткізді. Өйткені, бала тәрбиесіндегі отбасы мен мектептің өзара сенімі мен бірлескен әрекеті – саналы ұрпақ қалыптастырудың басты шарттарының бірі екені сөзсіз.



Кітапқұмарлар байқауы

Елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралары» туралы Жарлығы негізінде кітап оқу мәдениетін дамытып, шығармашыл, ойлы тұлға қалыптастыру негізінде түрлі іс-шаралар өтіп жатыр.

Республикалық «Кітап оқитын ұлт» марафоны және «Кітап оқуға құштар колледж» жобасы аясында Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының «Жоғарғы медицина колледжінде» кітапқұмарлар байқауы өтті.

Байқаудың шымылдығын колледж директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Ләззат Жәнібекқызы ашып, өтіп жатқан іс-шараның маңыздылығына тоқталды.

– Ел Президенті мәдениет, білім беру және инновация салаларындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын айқындап берді. Сондықтан біз қоғам болып кітаптың рөлін күшейтуіміз керек. Бәсекеге қабілетті боламыз десеңіздер кітап оқыңыздар, – дей келе осы бағытта қолға алынып жатқан жұмыстарды тілге тиек етті. Осыдан соң «Жалын» және «Гауһар жүрек» деп екі топқа бөлінген студенттер М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» мен Д.Исабековтің «Гауһар тас» шығармасын негізге ала отырып, кітаптың мазмұнын жалғастырып жарысқа түсті. Байқаудың «Әдеби бәйге» аталымында шығармаға қатысты сауалдарға жауап берсе, «Кітап-сахна төрінде» бөлімінде аталмыш кітаптардан үзінді сахналады.

Құрамында ҚР еңбек сіңірген қайраткері, көркемсөз шебері Гүлшара Есетқызы, Ғылыми-әдістемелік бөлім басшысы Галина Амрина, кітапхана меңгерушісі Қарлығаш Исаева бар әділқазылар алқасының төрайымы ҚР Мәдениет саласының үздігі, белгілі ақын Динара Мәлік жастардың кітап оқуға құштарлығына ризашылығын білдіріп, М.Шахановтың «Махамбет» поэмасын оқып берді.

– Кітап оқу – үлкен зиялылықтың белгісі. Кітап – ақылшы дос қана емес, ең сабырлы ұстаз. Кім көп білгісі келсе, кітапты көп оқу керек. Өйткені, қазір білімнің заманы. Ал кітап сол білімге апаратын ең төте жол, – деді ақын.

Байқау соңында жеңімпаздар «Әдебиет әлемінің үздігі», «Кейіпкер бейнесін үздік сомдаушы», «Үздік әйел бейнесі», «Көрермен көзайымы» аталымы бойынша марапатталды. Сонымен қатар, топ жетекшілеріне Алғыс хаттар табыс етілді.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

Балалар шетел аспай-ақ емделеді







Сирек кездесетін тамыр патологиясы бар қазақстандық балалар енді шетелге шықпай-ақ, өзімізде емделе алады. Иә, елімізде алғаш рет күрделі тамыр мальформациясы бар балаларды шетелде ғана қолданылып келген әдіспен емдеу қолға алынды.

Алматыдағы Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығында алғашқы сегіз балаға ота жасалды. Енді орталық жыл сайын еліміздің түкпір-түкпірінен 50-ге дейін баланы қабылдай алады. Осынау «Өмірге дем берейік» жобасы 2025-2026 жылдары Almaty Marathon қайырымдылық бастамаларының бірі болды. Жобаны «Бірінші болу батылдық» корпоративтік қоры мен AYALA қайырымдылық қоры ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен жүзеге асырды.

Елімізде жыл сайын 40-тан астам бала тамыр мальформациясымен, яғни қан тамырлары дамуының туа біткен ақауымен дүниеге келеді. Бұл ауру созылмалы ауырсыну мен қан кетуге себеп болады, ал ауыр жағдайларда баланың қозғалу мүмкіндігін шектейді. Бұған дейін аурудың күрделі түрлері бар балаларды емделу үшін шетелге жіберуге тура келетін. 2021–2024 жылдар аралығында мемлекет мұндай емге 437 млн. теңгеден астам қаражат жұмсағанымен, жыл сайын небәрі 10–20 пациент қана көмек алатын. Енді отбасыларға шетелге барудың қажеті жоқ.

Электропорациямен склеротерапия деп аталатын жаңа әдіс дәрілік препаратты қысқа электр импульстерімен ұштастырады. Импульстер дәрінің зақымдалған тіндерге енуіне көмектеседі. Соның арқасында препараттың мөлшерін азайтуға және баланың ағзасына түсетін жүктемені төмендетуге болады.

Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы үшін италиялық Cliniporator Vitae жүйесі сатып алынды. Отандық төрт дәрігер тамыр мальформациясы саласындағы Еуропаның жетекші мамандарының бірі профессор Вальтер Вольгемуттың (Walter A.Wohlgemuth) жетекшілігімен арнайы дайындықтан өтті. Олар теориялық дайындықтан Германиядағы Галле университеттік клиникасында өтті, ал практикалық дағдыларын профессордың Алматыда өткізген шеберлік сабағында шыңдады. Алғашқы сегіз ота да осы шеберлік сабағы аясында жасалды.

«Қазір орталық қажетті жабдықпен қамтамасыз етіліп, мамандарымыз арнайы дайындықтан өткендіктен, күрделі тамыр мальформациясы бар балаларға диагностикадан бастап сауығу кезеңіне дейінгі барлық кезеңде өз күшімізбен медициналық көмек көрсете аламыз. Мұнда жыл сайын шамамен, 80–100 емшара жүргізіледі, әр пациентке қажетті емдеу курстарының саны жеке анықталады», – дейді Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының Басқарма төрағасы Абай Құсайынов.

Келесі қадам жаңа әдісті тұрақты медициналық тәжірибеге енгізу үшін клиникалық хаттама мен тарифтерді бекіту.

«Тамыр мальформациясының ауқымды әрі күрделі түрлерінде дәстүрлі емдеу әдістері әрдайым тұрақты нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік бермейді. Жаңа технологияның енгізілуінің арқасында балалар енді шетелге шықпай-ақ, Қазақстанда ем ала алады. Бір орталықтың мүмкіндігі еліміздің түкпір-түкпірінен келген пациенттерге мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге жеткілікті», – дейді Денсаулық сақтау министрлігі Ана мен бала денсаулығын қорғау департаменті директорының орынбасары Майра Бейсен.

«Өмірге дем берейік» жобасының жалпы құны 117,6 млн. теңгені құрайды. Бұл мемлекет 2021–2024 жылдары балаларды шетелде емдеуге жұмсаған қаражаттан төрт есеге жуық аз.

Бізге конференция болған күні баласына заманауи ота жасалған семейлік Жанар Серікбаевамен тілдесудің де сәті түсті. Қазір ғана күрделі отадан аман-есен шыққан ұлын біз де көрдік. Тілшілерге сұхбат беруге дайындалып тұрған қайран ана бұл сәтке толқып та қалды. Қуаныштың көз жасын бір сүртіп алды.

Ұлының диагнозы – беттің жартысы және көмейдегі тамыр мальформациясы. Осыдан жеті жыл бұрын баласын Астанада өмірге әкелгенде, бетіндегі ақауды көріп әбден қиналып, жүрегі қанжылаған екен. Алғашында сәбиге нақты диагноз қойылмаған. Астанадағы бет-жақсүйек хирургиясына апарғанында, бұл бізде емделмейтінін, Ресейге бару керектігін айтқан. Шетелдің атын естігенде тіпті қамығып қалғанын айтады. Дегенмен, бала үшін шегінбеуім керек деп шешіп, Ресейдің белгілі профессоры, осы кеселді склеротерапиямен емдейтін Дмитрий Романов деген дәрігердің алдынан табылған. 2020–2025 аралығында сонда емделген.

«Мәскеуде бізге бірнеше операция жасалды. Былтыр соңғысында Романов: «Менің жұмысым сіздермен толықтай аяқталды. Мендегі техника әрі қарай көмей мальформациясына жете алмайды, сізге Германияға бару керек» деді. Шетел дегенді естіп мен тағы да абдырап, не істерімді білмей қалдым. Сол кезде Романовтың өзі Алматыда Әзиз Қажымұқанұлы, Бегайдар Елібай деген білікті дәрігерлерге жол сілтеді. Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығына солай келдік. Елімізге жаңадан әкелінген қымбат аппаратпен жасалатын күрделі отаға, Германиядан келген дәрігердің «шеберлік сабағына» осылай іліктік. Алғысым шексіз барлық ақ халатты абзал жанға!», – деді жеті жасар Нұрсұлтанның анасы Жанар Серікбаева.

Айтпақшы, 2026-2027 жылдары қайырымдылық қорлары құны 160 млн. теңге болатын бесінші бірлескен жобаны – «Әлемді көремін» бастамасының жаңа кезеңін іске асыруды жоспарлап отыр. Алматыдағы перинаталдық орталықтардың біріне Қазақстанда алғаш рет қолданылатын инфант-томограф орнатылады. Бұл аппарат шала туған нәрестенің торлы қабығын жансыздандырусыз әрі көзге жанастырмай, қабат-қабатымен зерттеп, ауруды ең ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде жыл сайын 700-ге жуық бала тексеруден өте алады.

Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

МАМАН МІНБЕРІ

Туберкулездің жолын кесуге болады

Туберкулез – адам денсаулығына үлкен қауіп төндіретін жұқпалы ауру. Ауру негізінен ауа арқылы таралады және көбіне өкпені зақымдайды. Алайда, басқа ағзалар мен жүйелерге де әсер етуі мүмкін. Тақырыпты Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс бас фтизиопедиатры, Фтизиопульмонология орталығының мониторинг және бағалау бөлімінің маманы Миягүл ТАСТАЙБЕКОВА толығырақ айтып береді.

Туберкулездің белсенді түрімен ауыратын адам жөтелгенде, түшкіргенде немесе сөйлегенде микобактериялар ауаға таралады. Сол ауамен тыныс алған кезде инфекция басқа адамдарға жұғуы мүмкін. Ал балалардың иммундық жүйесі әлі толық қалыптаспағандықтан, олардың ағзасы жұқпалы ауруларға сезімтал келеді. Әсіресе, жас ерекшеліктеріне байланысты туберкулез ауруы балаларда ауыр түрде өтуі мүмкін. Туберкулезді жұқтыру қаупін арттыратын негізгі факторларға ауру адаммен ұзақ уақыт бойы байланыста болу, желдетілмейтін және ауасы тар бөлмелерде ұзақ жүру, иммунитеттің төмендеуі және дұрыс тамақтанбау жатады. Сондықтан балалар арасында туберкулездің алдын алу мақсатында сапалы әрі уақытылы жүргізілетін профилактикалық іс-шаралардың маңызы зор.

Біріншісі – БЦЖ вакцинасымен қамту. Балаларға осы екпе егілгенде туберкулезге қарсы иммунитет қалыптасады. Әсіресе, туберкулездік менингит және туберкулездің жайылған түрлері сияқты ауыр асқынулардан қорғауға көмектеседі. Қала бойынша БЦЖ вакцинасымен қамту деңгейі жылдан-жылға артып, қазіргі күні 96%-ды құрап отыр. Жүргізіліп жатқан профилактикалық іс-шаралардың нәтижесінде кейінгі жылдары бір жасқа дейінгі балалар арасында туберкулез ауруы тіркелген жоқ.

Екіншісі – уақытылы профилактикалық медициналық тексеруден өту. Балалар арасында туберкулез



инфекциясын ерте анықтау мақсатында Манту және АТР (аллерген туберкулезный рекомбинантный сынамалары қолданылады. Бұл сынамалар – туберкулез инфекциясын анықтауға және ағзадағы иммундық жауапты бағалауға арналған диагностикалық әдістер. Олар медициналық көрсетілімдерге сәйкес жүргізіледі және балалардың денсаулығына зиян келтірмейді.

Үшіншісі – профилактикалық ем жүргізу. Туберкулездің белсенді түрі анықталмаған, бірақ иммунологиялық сынамалар нәтижесінде туберкулез инфекциясы анықталған балаларға дәрігердің тағайындауы бойынша профилактикалық ем жүргізіледі. Бұл туберкулездің даму қаупін айтарлықтай төмендетеді. Зерттеулер дұрыс жүргізілген профилактикалық ем туберкулездің алдын алуда шамамен 90–95% тиімділігін көрсеткен. Жылдан-жылға ата-аналардың профилактикалық емге деген сенімі артып, оның маңыздылығы мен тиімділігі туралы ақпараттану деңгейі де жоғарылап келеді.

Төртіншісі – дұрыс тамақтану және салауатты өмір салтын сақтау. Баланың күнделікті тамақтану рационында ақуыздар, дәрумендер мен минералдар жеткілікті болуы керек. Сонымен қатар, күн тәртібін сақтау, жеткілікті ұйықтау, күн сайын таза ауада серуендеу, дене белсенділігін арттыру, жеке бас гигиенасын сақтау маңызды.

Бесінші маңызды қадам – санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау. Үй-жайларды үнемі желдетіп, ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізіп отыру қажет. Бөлмеде таза ауа алмасуын қамтамасыз ету, тазалық сақтау және адамдардың шамадан тыс шоғырлануына жол бермеу туберкулез инфекциясының таралу қаупін төмендетуге көмектеседі.

Балалар арасында туберкулездің алдын алу – медицина қызметкерлерінің, ата-аналардың, педагогтердің және жалпы қоғамның ортақ міндеті. Балаларымыздың денсаулығына бейжай қарамайық! Есіңізде болсын: аурудың алдын алу – оны емдеуден әлдеқайда тиімді.

БРИФИНГ

Эпидахуал тұрақты

Алматыда жіті респираторлық вирустық инфекциялармен (ЖРВИ) сырқаттанушылық бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты, бақылау деңгейінен асып кеткені тіркеле қойған жоқ.

2026 жылдың 46-аптасында қалада ЖРВИ-мен ауырған 16 841 адам анықталған. Бұл алдыңғы аптадағы көрсеткіштен 3,8%-ға аз да, былтырғы осы уақытпен салыстырғанда, 38,9%-ға төмен. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мамандар осы тақырыпты тарқатты.

«Мектептер мен ұйымдасқан ұжымдарда инфекцияның таралуын болдырмау мақсатында күн сайын таңертеңгі және ауысымдық сүзгі жүргізіледі. Бұл ЖРВИ мен тұмау белгісі бар балалар мен қызметкерді уақытылы анықтауға мүмкіндік береді. Ата-аналар да балаларының денсаулығына жауапты болып, ауру баланы мектепке, балабақша мен бұқаралық іс-шараларға жібермеуі керек», – деді Алматының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Гаухар Қаткенова.

Спикер сондай-ақ, медициналық ұйымдарда шақыртуды қабылдауға арналған телефон желілері бөлініп, пациенттерге үйде қызмет көрсету үшін автокөлік қарастырылғанын айтты. Алматыдағы І.Жекенова атындағы қалалық инфекциялық аурухана ЖРВИ, тұмау мен басқа да инфекциялық ауруы бар ересек пациенттерге медициналық көмек көрсетуді жалғастырып жатыр. Осылай деген аурухана директоры Айгүл Абдрахманова маусымдық сырқаттанудың өсуіне байланысты стационарда науқастарды ауруханаға уақытылы жатқызуға мүмкіндік беретін қосымша төсек-орын қоры да жеткілікті екенін атап өтті.

«Аурухана жалпы 424 төсек-орынға есептелген. Қазіргі уақытта 230 төсек-орын жұмыс істеп тұр, эпидемиялық маусым басталғалы бері қосымша 100 төсек-орын тағы қойылды», – деді Айгүл Абдрахманова.

Ал Алматы қалалық балалар клиникалық инфекциялық ауруханасының директоры Ержан Сералин бұған дейін әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған қабылдау бөліміндегі қалың кезекке қатысты жағдайды түсіндірді. Аурухана басшысының айтуынша, кешкі және түнгі уақытта стационарларға түсетін жүктеме артады. Бұған емханаларға жүгінбей, тікелей ауруханаға келетін ата-аналардың өтініші де әсер етеді. Бұл ретте күту уақыты тек алғашқы медициналық тексеруге ғана емес, сонымен қатар диагностикалық зерттеулер жүргізу, талдау нәтижесін алу мен бейінді мамандардың консультациясынан өту қажеттілігіне де байланысты.

Дәрігердің алғашқы тексеруі орта есеппен 15–30 минутқа созылады. Баланы ауруханаға жатқызу туралы шешім тексеру нәтижесі мен медициналық көрсетілім негізінде жеке тәртіппен қабылданады. Стационарлық емдеуді қажет етпейтін балалар қажетті көмек пен ұсынымды алғаннан кейін тіркелген жері бойынша емханаға жіберіледі.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.

БРИФИНГ

Қоғамдық бақылау күшейді

Алматылықтарды алаңдататын басты мәселелердің қатарында көлік кептелісі, экология, қоғамдық көлік пен тұрғын үйдің қолжетімділігі бар. Мұны қаладағы Тұрақты даму мақсаттарының (ТДМ) орындалуына жүргізілген қоғамдық мониторинг нәтижесі көрсетті. Зерттеу әлеуметтік қолдау мен инфрақұрылымды дамыту бағытында жұмыстар атқарылып жатқанымен, олардың халықтың күнделікті өміріне әсерін тереңірек бағалау қажеттігін анықтады.



Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Пан Ги Мун атындағы Тұрақты даму институтының директоры Диляра Урманова зерттеу қорытындысын таныстырды. Мониторинг теңсіздікті азайту, қалалардың тұрақты дамуы, тиімді институттар және әріптестік бағыттарын қамтыды. Жалпы 32 міндет қарастырылып, оның 19-ы Алматы үшін басым бағыт ретінде белгіленді. Зерттеу барысында ресми статистика мен мемлекеттік бағдарламалар талданып, 87 адам қатысқан сауалнама және сарапшылармен сұхбат жүргізілді.

Кептеліс пен экология – басты мәселелер

Сауалнама нәтижесі бойынша, тұрғындар жиі кездесетін кедергілердің қатарында көлік кептелісі бірінші орында тұр. Респонденттердің 77,9%-ы бұл мәселені атаған. Сонымен қатар, экология (46,5%), көшелер мен жаяу жүргіншілер инфрақұрылымы (36%), тұрғын үйдің қолжетімділігі (33,7%) және қоғамдық көлік (30,2%) өзекті проблемалар ретінде көрсетілген. Сарапшылар да осы мәселелерге назар аударған. Он маманның тоғызы экология мен ауа сапасын, жетеуі көлік қолжетімділігін маңызды мәселе деп бағалаған. Сондай-ақ, барлығы қала аудандары арасындағы өмір сүру ортасының сапасына қатысты айырмашылық бар екенін атап өткен.

Зерттеуде әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігі мен халықтың осал топтарының жағдайы да қарастырылды. Сауалнамаға қатысқандардың пікірінше, кедергілерге жиі тап болатындар – мүгедектігі бар адамдар (60,7%), табысы төмен азаматтар (46,4%) және шалғай аудандардың тұрғындары (38,1%).

Диляра Урмановаңың айтуынша, қаладағы теңсіздік тек табыс деңгейіне байланысты емес. Тұрғынның қай ауданда тұратыны, қоғамдық көлікке, медициналық және әлеуметтік қызметтерге қол жеткізу мүмкіндігі де маңызды рөл атқарады.

Қызмет саны емес, нақты нәтиже маңызды

Мониторингте мемлекеттік органдардың ашықтығы мен халықпен байланысы да бағаланды. Ресми мәлімет бойынша, 2025 жылы Алматыда мемлекеттік қызметтерді цифрландыру деңгейі 98%-ға жетіп, 15,6 миллион қызмет көрсетілген. Алайда, зерттеушілер қызмет санының көп болуы немесе азаматтардың өтінішіне жауап берілуі олардың мәселесі толық шешілді дегенді білдірмейтінін атап өтті. Сол сияқты, қоғамдық тыңдаулардың өткізілуі тұрғындар ұсынысының нақты шешімдерге қаншалықты енгізілгенін көрсете бермейді. Осыған байланысты сарапшылар қалалық бағдарламалардың нәтижелері, бюджет шығыстары және қоғамдық талқылаулардың қорытындылары туралы ақпаратты ашық жариялау қажеттігін айтқан.

Мониторинг аясында мемлекет, бизнес, үкіметтік емес ұйымдар мен сарапшылар арасындағы әріптестік те зерттелді. Мамандардың пікірінше, бірлескен жобалардың санымен қатар, олардың ұзақ мерзімді нәтижесі мен шешім қабылдау үдерісіне серіктестердің нақты қатысуын бағалау қажет. Зерттеу қорытындысында мамандар қалалық саясатты бағалау жүйесін жетілдіруді, аудандар бойынша деректердің нақтылығын арттыруды, әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін бақылауды және тұрғындардың ұсыныстарын қарау үдерісін ашық етуді ұсынды.

Дана САДЫРҚАН.

«АДАЛ АЗАМАТ»



БҮГІНГІ ҚАһАРМАНДАР

Мегаполистің №210 мектеп-лицейінде Ішкі істер министрлігінің қолдауымен ұйымдастырылған «Қазіргі заман қаһарманы» акциясы аясында тағылымды кездесу өтті.

Мектеп оқушыларымен жүздесуге қызмет барысында ерлігімен көзге түскен ішкі істер органдарының бір топ қызметкері келді. Олардың қатарында Ұлттық ұланның 3660 әскери бөлімінің аға лейтенанты Ербол Арыстанов та бар. Ол биылғы ақпанда Заречный елдімекеніндегі тұрғын үйден өрт шыққан кезде батылдық танытып, тұрғындарды, соның ішінде балаларды қауіпсіз жерге шығаруға көмектескен болатын. Оның дер кезінде жасаған әрекеті адам өмірін сақтап қалуға септігін тигізді.

Мектеп ұжымы қазіргі заманның қаһармандарын ерекше ықыласпен қарсы алды. Қонақтар алдымен білім ордасында жақында ғана ашылған «Жас сақшы» сыныбымен танысты. Кездесу барысында оқушылармен еркін әңгімелесіп, қызметтік тәжірибелерін бөлісті, жасөспірімдерді толғандырған сұрақтарға жауап берді. Әсіресе, құқық қорғау саласындағы қызметтің жауапкершілігі, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау және азаматтардың тыныштығын қорғау жолындағы міндеттер туралы әңгіме өрбіді.

Өз кезегінде оқушылар Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының батыры, қызметтік міндетін атқару кезінде ерлікпен қаза тапқан полиция аға лейтенанты Ерлан Бопырбаевтың өмірі мен ерлігі туралы баяндап берді. Мектепте батырдың өмірі мен қызметіне арналған арнайы ерлік бұрышы жасақталған. Сонымен қатар, «Жас сақшы» кабинеті де оның есімімен аталады.

Оқушылар меймандарға шағын концерттік бағдарлама ұсынды. Бұдан бөлек, қонақтар «Ұлттық ұлан батырлары атындағы Ерлік сыныбының» жұмысымен де танысты.

Бүгінгі қаһармандардың өмір жолы – өскелең ұрпаққа үлгі, елдік пен ерліктің жарқын өнегесі.

Нұржамал ӘЛІШ.

БІЗДІҢ КЕЙІПКЕР

Қару мен қаржы қызметін қатар ұстаған ару

Әскери қызмет – тек жауынгерлік дайындық пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен ғана шектелмейді. Әскери бөлімдердің күнделікті қызметін ұйымдастыруда қаржы саласы мамандарының да еңбегі зор.



15 қараша – Ұлттық валюта күні және қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесінде мерейі үстем болған жандардың бірі – Ұлттық ұланның Алматыдағы 3650 әскери бөлімінде қызмет атқаратын сержант Венера Қайдаулова. Ол 2009 жылы Ұлттық ұлан қатарына әскери қызметке қабылданып, еңбек жолын Астана қаласындағы 6636 әскери бөлімінде бастаған. 2015 жылы Петропавл қаласындағы 6637 әскери бөліміне ауысып, 2021 жылға дейін әскери міндетін орындады. Сол жылдан бастап Алматыдағы 3650 әскери бөлімінде қызметін жалғастырып келеді.

Қаржы саласындағы қызмет сырт көзге қарапайым көрінгенімен, оның артында үлкен жауапкершілік жатыр. Әрбір есептің дәлдігі, құжаттардың дұрыс рәсімделуі және төлемдердің уақытылы жүргізілуі әскери қызметшілердің әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етеді.

– Менің негізгі міндетім – әскери қызметшілердің ақшалай үлесін уақытылы әрі дұрыс есептеп, белгіленген мерзімде төленуін қамтамасыз ету. Бұл жұмыс асқан мұқияттылықты, дәлдік пен адалдықты талап етеді. Әрбір әскери қызметшінің өзіне тиесілі қаражатты уақытында алуы мен үшін үлкен жауапкершілік. Сондықтан күнделікті жұмысымда әрбір есепке ерекше мән беремін, – дейді сержант Венера Қайдаулова.

Оның айтуынша, әскери қаржы қызметінде кәсіби біліктілікпен қатар тәртіп пен ұйымдық үйлесімділіктің де маңызы зор. Өйткені, бірлескен жұмыстың нәтижесі әр маманның өз міндетіне қаншалықты жауапкершілікпен қарайтынына байланысты.

Венера Қайдаулова – аяулы жар, үш баланың анасы. Жолдасы Ринат Ибрагимов – запастағы полковник. Әскери қызметтің қиындығы мен жауапкершілігін жақсы білетін ерлі-зайыпты әрдайым бір-біріне сүйеу. Тамерлан, Арыстан және Асмира есімді үш перзентінің бойында адамгершілік құндылықтарымен қатар, патриоттық сезімнің молынан болуына күш салады.

Н.ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

Жастар жаңа технология жарысында бас қосты

Алматыда «AI FEST 2026: Жасанды интеллект кубогы» қалалық инновациялық жобалар байқауы өтті. Жастар жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы әзірлеген жобаларын таныстырып, өздерінің цифрлық және шығармашылық әлеуетін көрсетті.



Almaty polytechnic college базасында өткен қалалық инновациялық жобалар байқауы «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» аясында ұйымдастырылған. Жаңа технология жарысы студенттердің инновациялық ойлау қабілетін дамыту, цифрлық құзыреттіліктерін жетілдіру және жасанды интеллект технологияларын нақты мәселелерді шешуде қолдануға ынталандыруға бағытталды.

Байқауға Алматы қаласының колледждерінен 17 команда қатысып, өздерінің инновациялық жобаларын ұсынды. Қатысушылар білім беру, денсаулық сақтау, экология, қауіпсіздік және киберқауіпсіздік, сондай-ақ Smart City – «Ақылды қала» бағыттары бойынша бақ сынады.

Студенттер жасанды интеллект негізінде әзірленген интеллектуалды көмекшілерді, деректерді талдау жүйелерін, ақпараттық қауіпсіздік пен қалалық инфрақұрылымды жетілдіруге арналған цифрлық шешімдерді таныстырды. Жобаларда технологиялық жаңашылдықпен қатар олардың күнделікті өмірде және кәсіби қызметте қолданылу мүмкіндіктеріне ерекше назар аударылды.

Іс-шара аясында «Жасанды интеллект көрмесі» ұйымдастырылып, Almaty polytechnic college студенттері жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып әзірлеген инновациялық жобалары мен цифрлық шешімдерін көпшілік назарына ұсынды.

Байқау қорытындысы бойынша жүлделі I орын – Жоғары медициналық колледжіне, II орын – Туризм және қонақжайлылық колледжіне бұйырса, жүлделі үштікті Almaty polytechnic college тәмамдады. Жеңімпаздар дипломдармен және арнайы марапаттармен марапатталды.

Жасанды интеллект технологияларын меңгерген, жаңашыл ойлайтын және өз идеяларын нақты жобаларға айналдыра алатын жастарды даярлау – техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі. Осы бағыттағы «AI FEST» байқауы студенттердің цифрлық экономика талаптарына сай кәсіби дамуына мүмкіндік беретін алаңға айналды.

Медет ОМАРБЕКОВ,
Almaty polytechnic college.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2027 жылға баспасөзге жазылу науқаны жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ұтысқа түседі!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2027 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет!

2026 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp-нөміріне 8 707 948 73 78 немесе almatyaqparat@gmail.com электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 100 (Сейфуллин көшесінің бұрышы).

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

Барлық почта бөлімшелерінде «Қазпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС жазылуға болады.
Сондай-ақ, онлайн Qazpost.kz қосымшасы арқылы да жазылуға болады.
Қызмет тәулік бойы, 24/7 жұмыс істейді.



2027 ЖЫЛҒА БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 10499,64 теңге.
Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін (жазылу индексі 95503) – 7859,64 теңге.

Тек бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!
Анықтама бойынша: 8 (727) 248-49-55, 8 707 948 73 78.

«ГЕНДЕРЛІК ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ 16 КҮН БЕЛСЕНДІЛІК»

Алматы қаласы Алатау ауданында 2026 жылғы 25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенділік» республикалық акциясы өтуде.



Құрметпен,
Алатау ауданы полиция басқармасының
бастығы, полиция полковнигі Байгараев Е. М.

Аталған акцияның негізгі мақсаты – қоғам назарын гендерлік және отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесіне аудару, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, қоғамда зорлық-зомбылықтың кез келген түріне төзбеушілік қағидатын қалыптастыру, сондай-ақ әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау.

Алатау ауданының полиция басқармасы қызметкерлері отбасылық-тұрмыстық саладағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, зорлық-зомбылық фактілерін анықтау және қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтарға уақытылы көмек көрсету бағытында тұрақты түрде профилактикалық жұмыстар жүргізуде.

Акция аясында тұрғындармен кездесулер, түсіндіру жұмыстары, профилактикалық іс-шаралар, ақпараттық науқандар ұйымдастырылып, азаматтарға өз құқықтарын қорғау және қажетті көмек алу жолдары түсіндіріледі.

Сонымен қатар, зорлық-зомбылыққа қатысты азаматтардың өтініштеріне уақытылы ден қоюға, жәбірленушілердің құқықтарын қорғауға және қайталама құқық бұзушылықтардың алдын алуға ерекше назар аударылады.

Зорлық-зомбылыққа жол беруге болмайды! Әрбір адам қауіпсіз өмір сүруге құқылы. Үндемей қалу мәселені шешпейді. Уақытылы көмекке жүгіну адам өмірін сақтап қалуы мүмкін.

Егер сіз зорлық-зомбылыққа тап болсаңыз немесе оның куәгері болсаңыз, төмендегі нөмірлерге хабарласыңыз:

**** 102 – полиция;***

**** 111 – отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша байланыс орталығы;***

**** 150 – зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге арналған сенім телефоны.***

Мемлекет пен қоғамның бірлескен күш-жігерінің арқасында ғана әрбір адамның құқығы қорғалатын, қауіпсіз әрі зорлық-зомбылықсыз қоғам қалыптастыра аламыз.

Еділхан Маратұлы БАЙҒАРАЕВ,
Алатау ауданы Полиция басқармасының бастығы полиция полковнигі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы Алмалы ауданының №2 аудандық сотының іс жүргізуінде Улубиева Лариса Борисовна мен Таран Аза Борисовнаның 1995 жылғы 10 қаңтарда туған Улубиева Валерия Борисовнаны қайтыс болды деп жариялау туралы арызы бойынша №7520-26-00-2/34576 азаматтық іс қаралуда.

Соңғы белгілі тіркеу мекенжайы: Алматы қаласы, Брусиловский көшесі, 13-үй, А корпусы, 5-пәтер.

Улубиева Валерия Борисовнаның жүрген жері туралы мәліметтері бар адамдарға осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде Алматы қаласы Алмалы ауданының № 2 аудандық сотына мына мекенжай бойынша хабарлауы ұсынылады: 050005, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 267-үй.

ALMATY AQPARAT

Бас директор
Ержан ЖҮНІСОВ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас редактор –
Есхат БОЖАН

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕККЫЗЫ

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: 248-49-55.
8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:

8 777 078 53 48,
8 747 204 19 70 (WhatsApp)
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор – Нұржамал ӘЛІШ

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ51VPY00150334
куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ЖҰМАНЫҢ ЖҮГІ

БАЛАЛАР АРБАСЫ, АНАЛАР ӘУРЕСІ

Қала көшесінде бір қолымен баласын жетектеп, екінші қолымен арбасын сүйреген аналарды жиі кездестіреміз. Алайда, олардың бірі автобусқа сыймайды, енді бірінен такси жүргізушісі бас тартады. Қоғамдық кеңістіктегі осындай кедергілер баланы ананың қарапайым қозғалысын үлкен мәселеге айналдырып отыр.



24 қарашада қазақстандық блогер Татьяна Instagram парақшасында кішкентай баламен қала ішінде жүрудің қиындығын көрсететін бейнежазба жариялады. Оның айтуынша, балалы аналар қоғамдық көлікке мінгенде де, такси шақырғанда да түрлі қолайсыздыққа кезігеді. Әсіресе, кейбір такси жүргізушілерінің кішкентай баласы бар жолаушыларды алып кетуден бас тартуы жиілеген. Блогер мұны қоғамда балаларды қолайсыздық ретінде қабылдау үрдісінің белгісі деп бағалады.

Министр жауап берді

Бұл мәселенің автобусқа қатысты бөлігі бұған дейін де әлеуметтік желіде үлкен пікірталас тудырған еді. Қазақстанда балалар арбасымен қоғамдық көлікке мінуге шектеу қойылады деген ақпарат тараған соң, ата-аналар өз наразылығын білдірді. Олардың алаңдаушылығына Көлік министрі Әсел Жанасова да жауап берді. Министр балалы ата-аналарды арбасын жинауға мәжбүрлеуге немесе тек осы себеппен автобустан түсіруге болмайтынын айтып, тиісті ережелерді қайта қарауға шешім қабылдағанын мәлімдеді.

«Осы мәселеге жеке өзім түсініктеме бергім келеді. Қоғамдық көлікте балалар арбасымен жүруге ешқандай тыйым салынған жоқ және салынбайды. Мүмкіндік болса, арбаны жинап қоюға болады. Ыңғайсыз болса, балаңыз ұйықтап жатса немесе арбада отырса, қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, арбаны жиналмаған күйінде алып жүре аласыз. Ешкім ата-ананы кішкентай баласымен жүргені үшін арбасын жинауға немесе автобустан түсуге мәжбүрлей алмайды. Көлік министрі ретінде қоғамдық көліктің балалы отбасылар үшін ыңғайлы әрі қолжетімді болуы мен үшін аса маңызды», – деді Әсел Жанасова.

Шешім – дұрыс, түсіндірме – бұрыс

Мәселенің мән-жайына үңілсек, 2026 жылғы 29 қыркүйектен бастап күшіне енген жолаушыларды тасымалдау қағидаларында автобус шамадан тыс толған жағдайда балалар арбасын жиналған күйде алып жүру қарастырылған. Бұл ретте ата-анаға орын болуы және арба өзге жолаушылардың қозғалысына кедергі келтірмеуі тиіс. Алайда, осы талаптың әлеуметтік желіде әртүрлі түсіндірілуі ата-аналар арасында түсінбеушілік туғызды. Threads желісіндегі талқылау қоғамның бұл мәселеге біркелкі қарамайтынын көрсетті.

Айнұр есімді желі қолданушысы балалар арбасымен автобус күтіп, бірнеше рет көлікке сыймай қалғанын жазған. Оның айтуынша, төрт автобус тоқтағанымен, алғашқы екеуінің іші адамға толы болғандықтан, мінуге мүмкіндік болмаған. Қалған екеуіне қатысты электронды өтініш арқылы шағым түсірген. Суық күнде екі сағат аялдамада тұрғанын айтқан ол таксиге жүгінудің де оңай еместігін жеткізді. Жақын жерге барудың өзі 4-5 мың теңгеге түсетінін алға тартты.

Дана Сүндетова мәселені шешудің басқа жолын ұсынып, балалы аналарға арналған арнайы автобустар ұйымдастыру идеясын көтерді. Ол такси жүргізушілерінің арасында да кішкентай баласы бар жолаушыларды автокреслоның жоқтығын сылтауратып алмай кететіндер кездесетінін жазған.

Танымал блогер Ақерке Арыс болса, қоғамды керісінше, мұндай аналарға қолдау көрсетуге шақырды. «Мұндай аналарға көмектесіп жіберіңдер, қайта алғыс аласыңдар! Біреуде ақша бар, біреуде болмай тұрады. Таксимен жүру міндет емес», – деп жазды ол.

Қайырымды қоғам үлгісі

Шын мәнінде, екі тараптың да уәжін жоққа шығара алмаймыз. Қоғамдық көлікте қауіпсіздік пен жолаушылардың еркін қозғалысы сақталуы керек. Бірақ бұл талап балалы ананың қоғамдық көлікке міну құқығын шектеуге себеп болмауы тиіс.

Такси қызметіне қатысты шағымдар да назар аударуға тұрарлық. Кейбір жүргізушілер балаларға арналған автокреслоның жоқтығын алға тартып, тапсырысты қабылдамайды. Әрине, баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – жүргізушінің де, ата-ананың да міндеті. Бірақ бұл мәселе қызмет көрсету кезінде жолаушыны әуре-сарсаңға салмайтындай етіп ұйымдастырылуы тиіс. Бәрін сараптай келе, әрбіріміз балалар арбасын көргенде ең алдымен әуре-сарсаңға түскен ананың жағдайын ұғынуға тырысқан жөн деп санаймыз.

Дана САДЫРҚАН.

ЖҰЛДЫЗНАМА

ЖЕЛТОҚСАНҒА ЖОРАМАЛ

Тоқты

Бұл ай – жеке жауапкершіліктің ең жоғары деңгейге жететін кезеңі. Ол сіздің төзімділігіңізді сынап, мақсаттарыңызды қайта саралауға және ішкі тұрғыдан өсуге мүмкіндік береді. Жеке өміріңізде немесе кәсіби жобаларыңызда жаздан бері тоқтап тұрған істер қайтадан жүзеге асады. Басшылығыңыз сіздің бастамаңызды жоғары бағалайды – әрі бұл сіз күткеннен де тезірек орын алуы мүмкін.

Торпақ

Желтоқсан айы сізден ішкі жан-дүниеңізбен көбірек жұмыс істеуді талап етеді. Айналаңыздағы адамдар – әсіресе серіктестеріңіз, клиенттеріңіз, тіпті сізді ұнатпайтындар да – ішкі тепе-теңдігіңіздің бұзылғанын айна сияқты көрсетіп, ол тепе-теңдікке қайта келуге жол көрсетеді. Егер қорқыныштарыңызға қарсы тұруға батылдығыңыз жетсе, айдың соңына қарай көптен күткен үйлесім сезіміне бөленесіз. Тамағыңызға (мойын тұсына) мұқият болыңыз.

Егіздер

Егіздерге мансаптық өсуге жол ашатын тартымды жұмыс ұсынысы түсуі мүмкін. Алайда, бұл басқа жерге көшуді талап етуі ықтимал, ал мұндай қадамға бәрі бірдей дайын бола бермейді. Айдың ортасында қаржылық табыс күтіледі, ал айдың соңына қарай кейбіреулеріңізге тіс дәрігерінің көмегі қажет болуы мүмкін.

Шаян

Сіз – назар ортасындасыз. Романтикалық кездесуді аңсап жүргендер үшін желтоқсан айы тапталмас мүмкіндік сыйлайды. Шынайы махаббатыңызды ең күтпеген жерден кездестіріп қалуыңыз ғажап емес. Сондықтан әрдайым сырт келбетіңізге мұқият болыңыз – тағдырдың өзі дәл қасыңызда күтіп тұрғандай сезініңіз. Желтоқсанның соңғы он күндігінде қарым-қатынастарыңызды, некеңізді немесе жеке өміріңіздегі маңызды міндеттемелеріңізді саралап, қорытынды жасауға тура келеді.

Арыстан

Сізде қуат мол, алайда әзірге ауқымды жаңа бастамаларды қолға алмаған жөн. Оның орнына, бұрын бастаған жобаларыңызды жетілдіріп, мінсіз етуге көп көңіл бөліңіз. Ойыңызда туындайтын мәселелерге, келісімдерге және айналаңыздағылардың сізді қалай қабылдайтынына мән беріңіз. Өзіңізді дамытуға және білім алуға уақыт бөліңіз – тереңірек үңілуден қорықпаңыз. Сол кезде көктем айында өсіп-дамуыңызды жалғастыра аласыз.

Бикеш

Сізге үй шаруаларына, денсаулығыңызға және күнделікті мәселелерге назар аудару қажет болады. Қазір – жұмыстағы немесе үйдегі аяқталмай қалған істерді ретке келтіруге таптырмас уақыт. Бұған сізде жеткілікті күш-қуат болады, ал бұл міндеттерді орындап шыққан соң, бойыңызда одан да көп қуат пайда болғанын сезінесіз. Отбасыңызда немесе қарым-қатынасыңызда, әсіресе, қаржыға қатысты шиеленістер немесе дау-дамайлар туындауы мүмкін, себебі бұрын жасырын болған мәселелер ашылып қалуы ықтимал. Алаяқтардан сақ болыңыз.

Таразы

Таразы белгісіндегі кейбір адамдар іссапарға шығып, сол жерде мансаптық өсуіне септігін тигізетін адаммен танысуы мүмкін. Отбасы мүшелерінің бірі ауырып қалып, сіздің көмегіңізге мұқтаж болуы ықтимал. Сонымен қатар, тамақтану мәселесіне аса мұқият болыңыз: не жейтініңізді қадағалап, тамақтанатын жерді де жақсылап таңдаңыз. Тамақтан улану, ішек инфекциясын немесе энтеровирусты жұқтырып алу қаупі бар. Сондықтан қолыңызды жиі жуып, тек сенімді азық-түлік өнімдерін тұтынуға тырысыңыз.

Сарышаян

Сіз кәсіби мәртебеңізді нығайтып, сыйақы немесе жалақының өсуіне ие болуыңыз мүмкін. Тіпті, кейбіреулеріңізді кездесуге шақыруы да ғажап емес. Жаз бен күздегі мансапқа қатысты шиеленісті кезеңнен кейін, желтоқсан айында жұмыс жүктемесі азаяды. Басшылығыңыз ұсақ-түйекті қазбалауды қойып, керісінше, мансаптық өсуіңізге қолдау көрсете бастайды. Сонымен қатар, қазіргі жұмыс орныңызда кадрлық өзгерістер орын алып, олар сіздің пайдаңызға шешілуі ықтимал.

Мерген

Қаржылық мәселелер жіті назар аударуды қажет етеді. Бұл ретте достарыңыз көмекке келуі мүмкін. Сіз ұзақ уақыттан бері келе жатқан тапсырманы немесе ауқымды жобаны сәтті аяқтайсыз. Айналаңыздағылар сіздің еңбегіңізді жоғары бағалайды. Ал бұл қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуге немесе оны қайта қалпына келтіруге септігін тигізеді. Егер кәсіппен айналыссаңыз, бәсекелестік жағдайында жеңіске жетесіз, бұл сізге шынайы қуаныш сыйлайды.

Тауешкі

Кәсіби салада Тауешкілер жұмыс барысындағы кідірістерге байланысты уақытша қиындықтарға тап болуы мүмкін. Енді жасырынуға немесе түрлі сылтаулар айтып құтылуға жол болмайды. Қауесеттерге мән бермеңіз (дегенмен, қажет болса, заңгермен кеңесіңіз). Сабыр сақтаңыз және тек өз жұмысыңызды атқаруға назар аударыңыз! Осылайша сіз бәсекелестеріңізді арандатып қана қоймай, тіпті олардан озып кетіп, оларды артта қалдыра аласыз.

Суқұйғыш

Желтоқсан айында қарым-қатынаста жүргендер серіктесімен арадағы бұрынғы қарым-қатынассипатына қайта оралуы мүмкін. Бұл – өзара түсінбеушіліктерді қайта қарастыруға және шешілді деп есептелген, бірақ әлі де түйіні тарқамаған мәселелерді реттеуге таптырмас мүмкіндік. Назар аударатын негізгі тұстар – алыс сапарлар, ортақ құндылықтар немесе білім алу мәселелерін таңдау қажет болады. Кейбіреулер үшін бұл ай жеңіл әрі ойнақы флиртке толы болуы мүмкін.

Балықтар

Жұмыс пен мансапқа қатысты жағдай айқындала түсуде. Күзде бұлыңғыр болып көрінген мәселелер қазір нақты сипат алып, алғашқы нәтижелерін бере бастайды. Жүйке жүйеңізге күтім жасаңыз. Демалуға және оңаша қалуға уақыт бөліңіз, шабыт беретін әдебиеттер оқыңыз, достарыңызбен бірге көңіл күйді көтеретін фильмдер көріңіз. Егер созылмалы денсаулық мәселеріңіз болса, емделу стратегияңызды қайта қарастыратын уақыт келген шығар.

Динара ИМАНБЕКОВА, астролог.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ
€ EUR/KZT 501,54 теңге
$ USD/KZT 458,57 теңге
₽ RUB/KZT 5,57 теңге
¥ CNY/KZT 68,7 теңге